

ТРАМПТЫҢ АЛҒАШҚЫ
ҚАДАМДАРЫАмериканы әлемнен
оқшаулай ма?

2

Almaty
AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №8 (6570) 28 қаңтар, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЕЛГЕ ОРТАҚ ИГІЛІК

Елімізде 4,7 мың шақырым республикалық маңызы бар жол салынады



Коллажды жасаған Нұрбоосын ӨРІСҰЛЫ.

Жол инфрақұрылымы – елдің экономикалық және әлеуметтік дамуының негізі. Қазақстанда кең аумақты қамтитын 96 мың шақырымнан астам автомобиль жолдары бар. Бұл елдің ішкі қатынасын қамтамасыз етіп қана қоймай, халықаралық транзит үшін де үлкен маңызға ие. Алайда, жолдардың сапасы мен инфрақұрылым жағдайы әлі күнге дейін халық арасында талқыланатын өзекті мәселелердің бірі.

4

БӘРЕКЕЛДІ!

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ӘЛІППЕСІ

қазақ тілінде жарық көреді

Қазіргі заманғы технологиялық даму қарқынымен бірге, жасанды интеллект (ЖИ) те біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды.

Смартфондарымыздағы виртуалды көмекшілерден бастап, медицина, білім, қаржы және өнер салаларындағы күрделі жүйелерге дейін, ЖИ біздің әрекеттерімізді жеңілдетіп, өнімділігімізді арттыруда маңызды рөл атқарады. Жакын күндері жасанды интеллект әлеміне алғашқы қадам жасағысы келетін оқырмандар үшін тың туынды жарық көреді. «Жасанды интеллект әліппесі. Қазақша 1000+ промпт» атты бұл кітап жасанды интеллектті (ЖИ) қарапайым тілмен түсіндіріп, оны іс жүзінде қолданудың жолдарын көрсетеді.

Кітап авторы журналист және IT саласының белгілі маманы, «Алматы ақшамының» тұрақты сарапшысы Мейіржан Әуелханұлы. Автордың айтуынша бұл қазақ тіліндегі жасанды интеллектті дұрыс түсіндіретін, оны қолдануды үйрететін, ЖИ туралы қарапайым тілмен жазылған алғашқы кітап. Әліппеден:

- ЖИ-ді тиімді пайдалану әдістерін;
- Креативті идеяларды генерациялаудың құпиясын;



- Бизнес, медицина, қаржы, өнер сынды салаларда ЖИ-ді пайдалану тәжірибесі;
- 28 сала бойынша диалог жүргізуге арналған мыңнан астам үздік промпт үлгілерін үйренесіз.

Кітаптан оқырман жаңа технологиялардың шексіз мүмкіндіктерін танып, өз сала-

сында жаңа белестерді бағындыруға мүмкіндік алады. Авторлардың айтуынша, алдағы 1-2 жылда ЖИ ешкімнің орнын ауыстырмауы мүмкін, алайда жасанды интеллектті меңгерген тұлғалар басқа мамандарға бәсеке болары сөзсіз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

28.01.2025

Түнде:



-5-7 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+3+5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

29.01.2025

Түнде:



-5-7 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+1-1 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

30.01.2025

Түнде:



-3-5 °C
Көшпелі бұлтты, қар.
Жолдарда көктайғақ.

Күндіз:



+1-1 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.
Жолдарда көктайғақ.

www.aqshamnews.kz





САРАПТАМА

ТРАМПТЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ

Американы әлемнен оқшаулай ма?

Олар: заңсыз иммиграция, федералды әкімшілік реформа, энергетика және қоршаған орта, гендерлік теңдік пен әралуандылық саясаты, сонымен қатар 2021 жылы Капитолийға шабуыл жасау бойынша айыпталған жақтастарын ақтауға қатысты жарлықтар.

Трампың сайлауалды бағдарламасының ұтымды тұстарының бірі – заңсыз иммиграциямен күрес. Әсіресе, Мексикадан келетін заңсыз иммигранттар мәселесіне келгенде жаңа президент белсенділік танытуда. 20 қаңтарда АҚШ пен Мексика шекарасында «төтенше жағдай» енгізіп, шекараны заңсыз кесіп өткен мигранттарға баспана беруге тыйым салды. Сонымен қатар, Қорғаныс министрлігіне шекараны қорғау туралы тапсырма берді. Әрине, бұл популистік тапсырма. Дегенмен, заңсыз мигранттарға қарсы көңіл күй қалыптасқан азаматтарға жағатыны сөзсіз.

Заңсыз мигранттарға қарсы күрес тек мексикалықтарға ғана қатысты емес. Трамп әкімшілігі мұны елде өмір сүретін бүкіл заңсыз шетелдік азаматтарға қарата жасауда. Осылайша қазіргі президент Джо Байденнің мигранттарға еркін жүріп-тұруына мүмкіндік беретін заңының күшін жойды. Сонымен қатар, АҚШ президенті елде дүниеге келген балаларға азаматтық беру туралы заңның күшін жою туралы жарлыққа қол қойды. Енді баланың ата-анасы АҚШ азаматы болса ғана азаматтық беріледі.

Бұдан бөлек АҚШ-тың Париж климаттық келісімінен және Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымынан шығуы туралы Трамп бастамасы әлемде қызу талқылануда. Париж келісімі 2015 жылы жасалған бүкіләлемдік шарт. Оның мақсаты – әлемдегі климаттың өзгеруіне қарсы іс-қимылды бір жүйеге келтіріп, жаһандық қауіпмен күресу. Бұл шарттың артықшылығымен бірге кемшіл тұсы да бар. Ол өнеркәсіпті дағдарысқа алып келуі мүмкін. Егер климаттың өзгеруіне қарсы шаралардың бәрін жүзеге асыра бастаса, өндіріс орындары жабылып, жұмыссыздық деңгейі өседі. Сондықтан Трамп сайлауалды бағдарламасында қарапайым жұмысшыларды қолдап, Париж келісімінен шығу туралы бастама көтерді. Ол мұндай қадамға алдыңғы президенттік мерзімінде де барған. Алайда, Джо Байден билікке келгесін АҚШ қайтадан Париж келісіміне қосылды.

Париж келісімінен шығу туралы шешімге қарағанда Трампың Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымынан шығу

процесін бастау туралы тапсырмасы қызу талқылануда. Президент мәлімдемесінде әлемдік ұйым коронавирус пандемиясы кезінде нәтижесіз жұмыс істегендіктен осындай қадамға барғаны айтылған. Бірақ бұл шынайы себебі емес. АҚШ әлемдік көшбасшы ретінде түрлі ұйымдардың қаржылай доноры. Біздің ойымызша президент әкімшілігі аталмыш ұйыммен келіссөзге отырып, мүшелік жарнаның көлемін азайтуды көздейді. Ұйымнан шығу туралы бастама сес көрсету болуы мүмкін.

Жоғарыда қабылданған шешімдер сырттай қарағанда Американың сыртқы әлемнен оқшауланып жатқанындай көрінуі мүмкін. Алайда, бұл саяси шешімдер сыртқы саясатта ұлттық мүддені қорғау үшін қабылдануда.

НАТО-мен қарым-қатынас та өзгереді

2025 жылы 24-25 маусымда Гаагада НАТО-ның кезекті саммиті өтеді. Биылғы саммит алдыңғы жиындарға қарағанда ерекше болмақ. Себебі, Дональд Трамп АҚШ-тың бұл одақпен қарым-қатынасын өзгертпек. Басты сұрақ ұйымды қаржыландыру мәселесі болып отыр.

НАТО-ның қоры тікелей және жанама кірістерден жиналады. Ұлттық немесе жанама кірістер ұйымның негізгі қаржыландыру көзі. Ол ұйымға мүше мемлекеттің әрқайсысының қосқан үлесінен жиналады. 2006 жылы НАТО-ға мүше мемлекеттердің қорғаныс министрлері ұжымдық жарнаны ЖІӨ-н 2%-ға жеткізу туралы шартқа қол қойған. Бұл АҚШ үшін тиімді емес келісім. Себебі, елдің экономикасын өзге ұйым мүшелерімен салыстыруға келмейді.

Сонымен қатар, АҚШ ішкі қорғаныс саласына бөлінген қаржы бойынша да өзге мүшелерден алда тұр. Осылайша Вашингтон қорғаныс саласына өте көп қаржы жұмсауда. Трамп НАТО-ға құйылатын мүшелік жарнаның көлемін өзгертпек. Біздің ойымызша, «бәріне бірдей жарна» ұсынысын алға тартуы мүмкін.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



Оқшаулану емес, ұлттық мүдде ескерілген

20 қаңтарда күллі әлем АҚШ-қа көз тікті. Себебі, Американың жаңа президентінің ұлықтау рәсімі өтті. Кәсіпкер әрі саясаткер Дональд Трамп екінші рет ел тізгінін ұстады.

Трамп билікке келгесін бірнеше жарлыққа қол қойды.

ХАЙТЕК

Қазақстандағы ЖИ:

ЕҢ ТАНЫМАЛ ЖАСАНДЫ САНА

Бағдарламалары қандай?

Елімізде жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары қарқынды дамып келеді. Оған мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдау мен жергілікті стартаптар және ірі компаниялардың белсенділігі айқын дәлел.

2024 жылғы 11 желтоқсанда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Astana Hub инновациялық экожүйесінде болып, жаңа жобалармен танысты. Мемлекет басшысына Nur Alem кешенінде ашылатын Alem.AI жасанды интеллект орталығының тұжырымдамасы мен оған қарасты Tomorrow School және Tumo Education мектептері таныстырылды. Бұл білім беру орталықтары жылына 1000-нан астам оқушыны бағдарламалау, робототехника және креативті технологиялар дағдыларына үйретуді, сондай-ақ ЖИ саласында 1000 жоғары білікті маман даярлауды көздейді. Сонымен бірге, Alem.AI базасында стартаптарды акселерациялау және ЖИ бойынша ғылыми-зерттеу жобаларын қолдау жұмыстары жүргізілмек.

Президентке сондай-ақ, Cybernet.ai, AqlanBiotech, Higgsfield AI сияқты отандық стартаптар мен компаниялардың әлеуетті жобалары көрсетілді. Cybernet.ai – клиенттермен өзара іс-қимыл үшін дауыстық роботтар әзірлейтін компания, ал AqlanBiotech – иммунотерапия мен диагностика саласында күрделі міндеттерді шешуге үлес қоспақ. Higgsfield AI – ғалымдар мен инженерлерге күрделі компьютерлік модельдерді оқытуға көмектесетін жетілдірілген жүйе ұсынуда. Astana Hub-тың визалық қолдау, салықтық жеңілдіктер сияқты ынталандыру шараларының арқасында TikTok, Netracker секілді халықаралық компаниялар Қазақстанда өз



кеңселерін ашып үлгерді. Қазір Telegram, TON, Tether, Google, EPAM сынды әлемдік IT-индустрия өкілдерімен де ғылыми-зерттеу жобаларын бірлесе жүзеге асыру және жаңа өнімдер әзірлеу бағытында келіссөздер жүргізіліп жатыр.

Мемлекет басшысына жасанды интеллект технологияларын өнеркәсіпте, мемлекеттік қызметтерде және білім беру жүйесінде пайдаланудың мысалдары да ұсынылды. Индустриалды шешімдер қатарында кен орындарының цифрлық егізі, дрондарды басқару, өндірістік робот сияқты жаңалықтар бар. Сонымен қатар, АІТУ экожүйесіндегі жобалар, Назарбаев Университетінің ЖИ институты (ISSAI) әзірлеген қазақ тіліндегі алғашқы ірі модель – KazLLM және көпфункционалды Soyle App қосымшасы таныстырылды. Бұл жұмыстар жасанды интеллекттің қазақ тілінде еркін талдау жасауына жол

ашып, цифрлық ортада ана тіліміздің дамуын жаңа сатыға көтереді.

Қасым-Жомарт Тоқаев ЖИ-ді дамытудың ел келешегі үшін маңызын ерекше атап өтіп, Қазақстанды Еуразиядағы ірі цифрлық хабқа айналдыру жөнінде амбициялық міндет қойды. Ол бұған дейінгі Жолдауында Ұлттық жасанды интеллект орталығын құру бастамасын көтергенін, енді оның мәртебесін кеңейтіп, халықаралық деңгейге шығару керектігін айтты. Astana Hub пен Alem.AI-дің өзара ынтымақтастығы нәтижесінде зерттеу-зертханалар, бағдарламалау мектептері мен әлемдік технологиялық компаниялардың кеңселері біртұтас ортада шоғырланбақ. Президент «Цифрлық даму мәселелеріне жаңа көзқараспен қарау керек» деп, Үкіметке ЖИ саласындағы заңнаманы жетілдіруді, деректермен жұмыс істеу мәдениетін жақсартуды және жоғары өнімді дата-орталықтарды тар-

туды тапсырды. 2024–2029 жылдарға арналған ЖИ дамыту тұжырымдамасы қабылданып, «Жасанды интеллект туралы» заң жобасы әзірленіп жатыр. Мемлекет басшысы бұл заңда деректерді қорғау мен этикалық талаптарды сақтау маңызды екендігін ерекше атап өтті, себебі нейрожелілер жалған ақпарат пен қоғамдық пікірді манипуляциялауға да пайдаланылуы мүмкін.

Сондай-ақ, Үкіметке ЖИ саласында 1 миллион қазақстандықты оқыту, цифрлық дағдыларды кеңінен тарату және AI-Sana бағдарламасын кезек-кезеңімен іске асыру туралы тапсырма берілді. Бұл бастамалар Astana Hub, Alem.AI және оқу орындарының бірлескен жұмысын жандандырып, ортақ экожүйе құруды көздейді. Айта кету керек, елде бұл бағытта Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақ-Британ техникалық университеті сияқты оқу орындары мен «Digital Kazakhstan» бағдарламасы аясындағы жобалар да белсенді атсалысып келеді. Сондай-ақ, Kaspi Bank, Halyk Bank, Chocofamily, Beeline, Kcell, Tengri Analytics секілді компаниялар ЖИ шешімдерін несие тәуекелдерін бағалау, маркетингтік аналитика, клиенттерге қызмет көрсету және желіні басқару іспетті салаларда сәтті қолданып жатыр. Ауыл шаруашылығында дрондар және сенсорлар негізіндегі мониторинг, өнеркәсіп пен көлік саласында өндірістің оңтайландыру мен автопилоттау технологиялары да ілгерілеу үстінде.

• Жалпы алғанда, Қазақстандағы ЖИ экожүйесі мемлекет пен жеке сектордың бірлескен еңбегімен қарқынды дамуда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, ел цифрлық трансформация мен инновацияларға басымдық беру арқылы бәсекеге қабілеттілігін нығайтып, азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарты алады. Жоғары технологиялар дәуірінде жасанды интеллект – экономиканы ғыртартандырудың, білім мен ғылымды өркендетудің, сондай-ақ ұлттық тілді жаһандық цифрлық кеңістікке шығарудың қуатты құралына айналып отыр.

Мейіржан
ӘУЕЛЖАНҰЛЫ,
ІТ сарапшы,
журналист.





ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ШЕТ ЕЛДЕН ОҢАЙ ӨМІР ІЗДЕУ – ҚАТЕЛІК

Әрбір азамат өз Отанын дамытуға жауапты екенін ұмытпауы тиіс

Қазіргі таңда жастар арасында шет елге кету үрдісі үлкен алаңдаушылық тудыруда. Әлеуметтік желілерде «шет елде өмір жақсы», «ол жақта бәрі оңай» деген пікірлер кеңінен таралуда. Жастар бұл сөздерге сеніп, өз елін тастап, жеңіл жолмен табыс табуды жөн көреді. Бірақ олар бұл әрекеттерінің өз болашағына ғана емес, ел дамуына да кері әсер ететінін түсінбей жүр.

АЛМАТЫ – ЖАСТАРДЫҢ СҮЙІКТІ МЕКЕНІ

ЮНЕСКО-ның 2024 жылғы мәліметіне сәйкес, шет елде білім алып жүрген қазақстандық студенттердің саны («UNESCO Institute for Statistics», 2024) 85 мыңнан асқан. Ал Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің дерегіне сүйенсек, шет елде жұмыс істеп жүрген қазақстандықтардың саны шамамен, 190 мыңға жуық. Олардың көпшілігі қарапайым жұмыс істеп, Отанына қайтуға ниет білдіруде. Бірақ шет елде табысты өмірге қол жеткізгендер саны аз. Бұл – шет елде өмір сүрудің жеңіл еместігін дәлелдейді.

Қазақстанда жастар үшін көптеген мүмкіндіктер қарастырылған. Мәселен, «Дипломмен – ауылға», «Жас маман», «Алматы жастары» сынды бағдарламалар жастардың баспана мәселесін шешіп, кәсіп ашуға мүмкіндік беруде. Сонымен қатар, жастарға арналған тегін курстар, кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары арқылы жас буын өз әлеуетін жүзеге асырып жатыр.

Алматы – жастардың сүйікті мекені. Мұнда 700 мыңға жуық жас буын өкілі өмір сүреді, бұл қала халқының үштен бірін құрайды. Алып қалада олардың дамуына жағдай жасау үшін 35 жастар ресурстық орталығы жұмыс істейді. 2024 жылы Алматы әкімдігі жастарға арнап 10 жаңа қоғамдық кеңістік ашып, олардың шығармашылығын дамыту үшін түрлі мәдени іс-шаралар өткізуді жоспарлады. Бүгінде қаламызда ұлттық құндылықтарды дәріптейтін «Тәуелсіз елдің болашағы» атты бағдарламалар жүзеге асырылуда. Мегаполис мектептері мен жоғары оқу орындарында жастардың патриоттық сезімін артты-

ратын іс-шаралар тұрақты түрде өтеді. Сонымен қатар, жастар арасында волонтерлік қозғалыс дамып, әлеуметтік кәсіпкерлікке қызығушылық артып келеді.

ШЕТ ЕЛГЕ КЕТУДІҢ ЖАСЫРЫН САЛДАРЫ

Шет елде өмір сүру оңай емес. Өзге елде адам көптеген қиындықтармен бетпе-бет келеді: тілдік барьер, мәдени айырмашылықтар, әлеуметтік қолдаудың жоктығы. Бір сәттік пайда үшін өз Отанын тастап кету арқылы жастар тек өздерін ғана емес, артта қалған жақындарын, ел экономикасын да қиындыққа қалдырады. Шет елде еңбек мигранттары көбінесе ауыр жұмысқа тартылады. Олар арзан жұмыс күшінің рөлін атқарып, өз әлеуетін толық пайдалана алмайды. Мәселен, жоғары білімі бар жас мамандардың қара жұмысқа жегілгенін жиі көреміз. Мұндай жағдайда адам өзін төмен бағалап, қоғамнан оқшауланып кетеді.

ЖЕҢІЛ АҚША ТАБУҒА ДЕГЕН ҰМТЫЛЫС – ҚОҒАМНЫҢ ӘЛСІРЕУІНІҢ БЕЛГІСІ

Қазақстаннан шет елге кету жастар үшін тек экономикалық тұрғыда емес, ұлттық-мәдени тұрғыдан да қауіпті. Өскелең ұрпақ өз елінің тарихын, мәдениетін, дәстүрін шет елде жүріп жоғалтады. Бұл – ұлттың тұтастығына зиян келтіретін үлкен қауіп. Елден кеткен жастардың көбі өз балаларын өзге елдің мәдениетімен тәрбиелейді. Олар қазақ тілі мен салт-дәстүрін ұмытып, өздерін басқа ұлттың өкілі ретінде сезіне бастайды. Нәтижесінде ұлттық болмысымыз әлсіреп, халықтың бірлігіне нұқсан келеді.



Жастар – ел болашағы. Әр жас азамат өз Отанын дамытуға жауапты екенін ұмытпауы тиіс. Бірақ бүгінгі таңда кейбір жастар өз міндетін сезінбей, тек жеке басының қамын ойлап жүр. Олар шет елде мол табыс тауып, жеңіл өмір сүргісі келеді, бірақ елде қалып, қоғамға пайдасын тигізу туралы ойланбайды. Жеңіл ақша табуға деген ұмтылыс – қоғамның әлсіреуінің белгісі. Мемлекет жастарды тәрбиелеуге көп қаражат жұмсайды: мектеп, университет, гранттар, жеңілдіктер, әлеуметтік көмек бар. Бірақ сол жастар шет елге кетіп, өзге елдің экономикасын нығайтып жүр. Бұл – елдің ресурстарын босқа ысырап ету.

ЕЛДЕГІ МҮМКІНДІКТЕРДІ БАҒАЛАМАУ

Қазақстанда жастар үшін мүмкіндіктер аз емес. Мемлекет жас кәсіпкерлерге, ғалымдарға, шығармашылықпен айналысушы-

ларға үнемі қомақты қолдау көрсетіп келеді. Жастарға арналған «Дипломмен – ауылға», «Жас маман» сияқты бағдарламалар арқылы көптеген жас өз әлеуетін жүзеге асырып жүр. Өкінішке қарай, кейбір жастар бұл мүмкіндіктерді бағаламайды. Олар өз елінде еңбек етудің орнына, шет елде өмірін оңайлатуға тырысады. Бірақ бұл –

қателік. Өйткені, әр елдің өзінің қиындықтары мен шектеулері бар.

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ӨЗГЕРТУ ҚАЖЕТ

Бүгінгі таңда қоғамда шет елге кетуді мақтан ететін пікір қалыптастып келеді. Бұл көзқарас жастарды өз елін тастап, өзге елдің азаматтығын алуға ынталандырады. Мұндай психологияны өзгерту қажет. Жастарға өз елі үшін еңбек етудің артықшылықтарын түсіндіру маңызды. Әрбір жас азамат елдің дамуына үлес қосып, өз Отанында табысқа жетудің мүмкіндігін көрсетуі тиіс. Мемлекет жастар арасында патриоттық сезімді оятатын шараларды күшейтіп, олардың бойында жауапкершілік пен ұлттық мақтаныш сезімін қалыптастыруы қажет.

Бүгінде жастар үшін елімізде сапалы жұмыс орындары құрылуда. Жоғары білікті мамандарды елде ұстап қалу үшін бәсекеге қабілетті жалақы мен мансаптық өсу мүмкіндіктері қамтамасыз етілуде. Білім беру сапасы артуда. Жастарды өз елінде білім алуға ынталандыру үшін жоғары оқу орындарының сапасын халықаралық стандарттарға сай ету қолға алынып жатыр. Әлеуметтік бағдарламалар күшейтілуде. Жас отбасыларға баспана, жеңілдетілген несиесі және әлеуметтік көмек көрсетілуде. Патриоттық тәрбиенің орны ерекше. Мектеп пен жоғары оқу орындарында патриоттық тәрбиеге баса назар аударып, жастардың бойында ұлттық құндылықтарға деген құрметті қалыптастыру маңызды.

ТҮЙІН:

Жастардың шет елден жеңіл өмір іздеу тақырыбы – әрбір азамат үшін ойланарлық мәселе. Оңай ақша табу мен байдың жеңіл жолын іздеген қыз-жігіттер мұндай қадамдарының өз еліне, өз қоғамына кері әсер ететінін түсінбейді. Елде қалып, оны дамыту – жауапкершілік пен патриоттықтың көрінісі. Қазақстанды дамытатын да, өркендетін, өркениетке жетелейтін де – жастар. Қиындыққа төзіп, еңбек ете білу – нағыз табысқа жетудің жолы. Әрбір жас азамат өз елінің болашағы үшін еңбек сіңіруі тиіс.

МӘЛІМДЕМЕ

ЕЛШІЛІК ҮНДЕУ ЖАСАДЫ

АҚШ көші-қон саясатын қатаңдатты

АҚШ-тағы Қазақстан елшілігі елдегі шекара қауіпсіздігін күшейту және заңсыз көші-қонды азайту мақсатында қабылданған жаңа көші-қон саясатына байланысты маңызды мәлімдеме жасады. Елшілік АҚШ аумағындағы қазақстандықтарға америкалық биліктің өзекті талаптарын сақтауға шақырып, жаңа шаралар мен олардың салдарын түсіндірді.

Жаңа саясат негізінен елге заңсыз кірген немесе виза, грин-карта секілді қажетті құжаттары жоқ мигранттарға бағытталған. Елшіліктің хабарламасында заңсыз мигранттарға қолданылатын шаралардың қатарында: қамауға алу, елден мәжбүрлі түрде шығару, АҚШ-қа қайта кіруге ұзақ мерзімді тыйым салу, әлеуметтік жеңілдіктер мен жұмысқа рұқсат құжаттарының күшін жою секілді мәселелер бар. Сонымен қатар, америкалық билік заңсыз жүрген шетелдіктерге ел аумағын ерікті түрде тастап шығу мүмкіндігін ұсынып отыр. Бұл мәжбүрлі депортация мен кейінгі виза рәсімдеу кезіндегі шектеулерден құтылуға мүмкіндік береді.



АҚШ-тағы Қазақстан елшілігі бұл өзгерістерге байланысты отандастарымызды көші-қон заңдарын қатаң сақтауға, құжаттарының мерзімін мұқият бақылауға, қажет болған жағдайда заңгерлік көмекке жүгінуге шақырды. Егер азаматтардың АҚШ-та болу мерзімі аяқталуға жақын болса немесе виза мерзімі өтіп кетсе,

елшіліктің көмегі мен кеңестерін пайдалануға кеңес берілген.

Бұл шаралардың қабылдануы АҚШ-тың заңсыз көші-қонмен күреске үлкен көңіл бөліп отырғанын көрсетеді. Соңғы жылдары АҚШ-та заңсыз көші-қонның әлеуметтік және экономикалық салдары жиі талқылануда. Жаңа шаралардың негізгі

мақсаты – елдегі көші-қон жүйесін ретке келтіру және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Қазақстандықтар үшін бұл мәлімдеме екі маңызды мәселеге назар аудартады. Біріншісі, заңды құжаттардың маңыздылығы. АҚШ-та заңды болудың тек жеке жауапкершілік ғана емес, сонымен қатар болашақ мүмкіндіктерді сақтап қалу жолы екені анық. Екіншісі, ақпараттандырылу және сақтық. АҚШ аумағында жүрген азаматтарға жергілікті заңдарды білу және елшілікпен байланыста болу – кез келген құқықтық проблеманың алдын алу үшін маңызды.

АҚШ-тағы көші-қон саясатындағы жаңа қатаң ережелер осы елге баруды жоспарлаған барлық шетел азаматтарына, соның ішінде қазақстандықтарға да әсер етуі мүмкін. Осыған орай, елшілік отандастарымызды заңнаманы қатаң сақтап, өз құқықтары мен міндеттерін білуге шақырды. Құжаттарды уақытында рәсімдеу мен қажетті шараларды қабылдау – кез келген қиындықты болдырмаудың ең тиімді жолы.

Бетті әзірлеген Ернұр РЫСБАЙ.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЕЛГЕ ОРТАҚ ИГІЛІК

Қазақстанда 4,7 мың шақырым республикалық
маңызы бар жол салынады

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Әсіресе, Құлжа тас жолының 6 жолаққа дейін кеңеюін тұрғындар қуана қабылдады. Бұл бағыттағы сағаттап тұратын кептелістен құтылған көпшілік қазір сол жолдардың игілігін көруде. Бұдан бөлек, 255 көшеде 250 шақырым жолға орташа жөндеу жүргізілгенін де айта кету керек. Сондай-ақ, 2024 жылы Саин – Мөңке би жолайрығын салу және Абай даңғылын ұзарту жұмыстарынан қала қозғалысына жаңа тыныс ашылды.

Алматы қалалық Мобильділік

Көлік-логистика секторын дамыту – стратегиялық мәні айрықша басымдық. Еліміз Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан. Бұл – бізге әлемдік бәсекеде зор мүмкіндік беретін артықшылық. Біз кейінгі ұрпаққа жоғары сапалы авто және теміржолдарды қалдыруымыз керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

басқармасының мәліметінше, биыл қалада шамамен, 35 шақырым жаңа жол салынып, 300 шақырым жолға және 30 шақырым жаяу жүргіншілер жолына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Жаңа жолдар негізінен «Жас қанат», «Шұғыла», «Әлмерек», «Ақжар», «Рахат», «Мәдениет», «Боралдай» шағынаудандарын қамтиды. Бұл қалаға кейіннен қосылған аудандарда тұратын 70 мыңнан астам тұрғынның көлік қатынасын жақсартарды. Сондай-ақ, 2025 жылы мегаполисте Сейфуллин – Жансүгіров жолайрығын іске қосу, Саин көшесін Рысқұлов даңғылынан

Ақын Сара көшесіне дейін ұзарту; Абай даңғылын қаланың шекарасына дейін ұзарту жұмыстары секілді бірнеше маңызды жобаның құрылысы аяқталады. Сала мамандары 2024 жылы Алматы жолдарының 92%-ы сапалы деп таныса, бұл көрсеткішті 2025 жылы 95%-ға дейін арттыруды жоспарлап отыр.

Тіршіліктің күретауы саналатын жолдың жағдайы қай өңірде болса да маңызды мәселе. Сондықтан жайлы жол, бұл – тек, физикалық жағынан жақсы болу ғана емес, ол адамға рухани және психологиялық тұрғыда да жайлылық пен рахат әкелетін элемент.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Асан БОСТАНОВ,
Алматы қалалық Мобильділік басқармасы
басшысының орынбасары:

ҚАЛА ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРЕДІ

2024 жылы Алматыда жол инфрақұрылымын жақсарту мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылды. Жалпы, 255 көшеде 250 шақырым жолға орташа жөндеу жүргізілді. Бұл шаралар жолдардың сапасын арттырып қана қоймай, көлік қозғалысының қауіпсіздігін жақсартуға септігін тигізді. Сонымен қатар, Саин – Мөңке би көшелеріндегі жаңа жолайырықтар ашылып, негізгі магистральдарды кеңейту жұмыстары жалғасты. Құлжа тас жолы кеңейіп, 6 жолақ болды.

Өздеріңіз білесіздер, жыл сайын артып келе жатқан көлік саны, урбанизация және халық санының өсуі жол инфрақұрылымын дамыту қажеттігін арттыра түсуде. Сол себепті біз қала көшелеріндегі асфальттың сапасын жақсарту, төзімділікті арттыру және жолдардың қызмет мерзімін ұзарту мақсатында жолдарға полимерлі-битумдық қоспаларды пайдалана бастадық. Бүгінде мұндай материалдар заманауи жол құрылысында кеңінен қолданылып келеді.

Тақтайдай түзу жол – тұрғындардың күнделікті өміріне тікелей әсер ететінін ескерсек, жол жөндеу жұмыстары қай өңірде болса да, тоқтамауы тиіс.

2025 жылы Алматыда бірнеше маңызды жобаның құрылысы аяқталады деп күтілуде. Сейфуллин даңғылы мен Жансүгіров көшесінің қиылысындағы жолайық құрылысы толығымен аяқталып, оның маңындағы аумақты абаттандыру жұмыстары да жүргізіледі. Саин көшесін Рысқұлов даңғылынан Ақын Сара көшесіне дейін, Абай даңғылын қаланың шекарасына дейін ұзарту секілді жұмыстар аяқталады деп күтілуде. Бұл жұмыстар қала дамуына серпін береді.



Тамерлан ТОҚТАРБЕКОВ,
Бостандық ауданы әкімі аппаратының инженерлік және жол инфрақұрылымы
бөлімінің бас инспекторы:

ТҰРАҚТЫ КҮТІМ
жолдың қызмет ету мерзімін ұзартады

– Қаланың әл-ауқаты мен оның болашағын жақсартуда инфрақұрылымды дамыту мен ағымдағы жөндеу жұмыстары басты рөл атқарады. Өйткені, жолдың сапасы экономикалық өсу, өмір сүру сапасын жақсарту, туризм және шетелдік инвестициялар, тұрақты даму мен ұзақ мерзімді перспективаларға тікелей әсер етеді. Инфрақұрылымды жақсарту – қаланың бүгінгі келбетін ғана емес, сонымен бірге оның болашақта қалай дамитынын, тұрғындарының өмір сүру сапасын қамтамасыз ететінін және оның барлық салаларына жаңа мүмкіндіктер жасайтынын білдіреді.

Айта кету керек, жол жөндеу жұмыстары тиімді және уақтылы жүргізілсе, олар жолдың жағдайын нашарлататын, жабынға түсетін жүктемені арттырып, оның тозуын тездететін жарықтар мен шұңқырлар сияқты зақымдарды жоюға көмектеседі. Ал тұрақты күтім жолдың қызмет ету мерзімін ұзартып, болашақта күрделі жөндеуді қажет етпейді.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Биыл елімізде 4,7 мың шақырым республикалық маңыздағы жол салынады. Оның 3,7 мың шақырымы І санатты, ал қалған 1 мың шақырым ІІ санатты жолдар болмақ.

2024 жылы құрылыс, қайта жаңарту және жөндеу жұмыстарының жалпы көлемі 12 мың шақырым жолды құрады. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Жол құрылысы маусымында республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын қайта жаңғырту және жөндеу жобаларына 25 мыңнан астам адам мен 10 мыңнан астам арнайы техника жұмылдырылды.

7 мың шақырым жолдың құрылысы аяқталды. Атап айтқанда, Қарағанды – Алматы, Талдықорған – Өскемен, Ақтөбе – Қандыағаш және Атырау – Астрахан күре жолдарында құрылыс жұмысы бітті. Жобаларды іске асыру көліктердің қауіпсіз өтуін қамтамасыз етуге,

жол жүру уақытын едәуір қысқартуға, жолдың өткізу қабілетін арттыруға, ел аймақтары арасындағы көлік байланысын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік берді.

Әкімдіктер жергілікті маңызы бар 3,6 мың шақырымнан астам жолды пайдалануға берді. Жөндеу жұмыстарының ең көп көлемі Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе және Павлодар облыстарында орындалды. Бұдан басқа, ел көлемінде жол құрылысына қатысты көптеген ірі жобалар жүзеге асты.

ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Алматы тұрғындарының күнделікті өміріне тікелей әсер ететін маңызды инфрақұрылымның бірі – жол. Тіршіліктің күретауы саналатын жолдың сапасын жақсартуда мегаполисте көптеген жобалар іске асырылуда.

Бұл бағытта қалада былтыр ауыз толтырып айтарлықтай жағымды жаңалық көп болды. Атап айтар болсақ, 2024 жылы Алматыда 25 шақырым жаңа жол салынды.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН
ЖОБАЛАР:

- ҚАРАҒАНДЫ - ЖЕЗҚАЗҒАН 572 ШАҚЫРЫМ
- АҚТӨБЕ - ҰЛҒАЙСЫН 234 ШАҚЫРЫМ
- ЖАҢАӨЗЕН - КЕНДЕРЛІ 156 ШАҚЫРЫМ
- САРЫАҒАШ ҚАЛАСЫНЫҢ АЙНАЛМА ЖОЛЫ 102 ШАҚЫРЫМ
- АТЫРАУ - ДОССОР 86 ШАҚЫРЫМ
- ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ АЙНАЛМА ЖОЛЫ 20 ШАҚЫРЫМ
- РУДНЫЙ ҚАЛАСЫНЫҢ АЙНАЛМА ЖОЛЫ 16,9 ШАҚЫРЫМ
- ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ АЙНАЛМА ЖОЛЫ 8 ШАҚЫРЫМ

ТЕМІРЖОЛ ЖОБАЛАРЫ:

- ДОСТЫҚ - МОЙЫНТЫ ЕКІНШІ ЖОЛДАР — ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТІН 5 ЕСЕГЕ АРТТЫРДЫ
- АЛМАТЫ АЙНАЛМА ТЕМІР ЖОЛЫ АЙМАҚТАҒЫ ТЕМІРЖОЛ ЖЕЛІЛЕРІНЕ ТҮСЕТІН ЖҮКТЕМЕНІ АЗАЙТАДЫ
- ДАРБАЗА – МАҚТААРАЛ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТРАНЗИТТІК ДӘЛІЗДЕРІМЕН ЖАЛҒАСТЫРАДЫ

ЖАЛПЫ ҰЗЫНДЫҒЫ 1100 ШАҚЫРЫМ
2700 ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛЫП,
1400 ТЕХНИКА ЖҰМЫЛДЫРЫЛДЫ

2024 ЖЫЛДЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

12 000 ШАҚЫРЫМ ЖОЛ ҚАМТЫЛДЫ
БҰЛ — РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ

7000 ШАҚЫРЫМ жолдың құрылысы
АЯҚТАЛДЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ:

- ҚАРАҒАНДЫ - АЛМАТЫ
- АТЫРАУ - АСТРАХАН
- ТАЛДЫҚОРҒАН - ӨСКЕМЕН
- АҚТӨБЕ - ҚАНДЫАҒАШ

25 000 АДАМ МЕН 10 000 АРНАЙЫ
ТЕХНИКА ЖҰМЫЛДЫРЫЛДЫ



БІЛІМ

ОҚУШЫ ОРНЫ

тапшылығы азаяды

Қалалық Білім басқармасының басшысы Сайран Сайфеденов Наурызбай ауданы аумағында бой көтерген №214 жалпы білім беретін мектеп құрылысының жай-күйімен танысты.



Рая
ЕСКЕНДІР

«Нұрлы дала» ТК орналасқан мектеп жалпы 2,3 аумақты алып жатыр. Басқарма басшысы жаңа мектеп құрылысымен танысып, Алматыда бой көтеріп жатқан «Жайлы мектептерге» қатысты ақпараттарды мәлім етті. Осы ретте жаңа мектептердің жай-күйі, олардың ішінде қанша мектеп пайдалануға берілгені, қаншасы салынып жатқаны, оқушы орны тапшылығы жайлы баяндады.

Жалпы, Алматы қаласы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру аясында 34,8 мың оқушыға арналған 21 мектеп салу жоспарланып отыр.

Қазіргі таңда 25,1 мың орынды 14 мектептің құрылысы «Samruk-Kazyna Construction» АҚ арқылы жүргізілуде. Өткен жылдың 1 қыркүйегінде 600 орынды 1 мектеп ашылды. Әуезов ауданы аумағындағы №97 мектеп құрылысын «Dial-Stroy» жүргізді. Бүгінгі таңда 10 500 орынды 6 мектептің құрылысы аяқталғанымен, пайдалануға беру актісінің болмауына байланысты ашылу рәсімі кешігіп жатыр.

Сондай-ақ, 3 мектеп бойынша («Теректі» ш/а.; «Самғау» ш/а. және «Қарасу» ш/а.) іске қосу актісін ұсыну жоспарланып отырса, 3 мектеп («Нұрлы дала» ТК, Райымбек даңғылы, 210 және «Ақбұлақ» ш/а) қосымша құрылыс жұмыстарын жүргізу қажеттілігіне байланысты іске қосу актісі ағымдағы жылдың

28 ақпанында ұсынылатын болады. Ағымдағы жылдың сәуір айында Розыбакиев–Левитан көшелерінің түйіскен аумағындағы мектеп құрылысы аяқталатын болады (87%). Шілде айына дейін 2 мектеп («Құрамыс» ықшамауданы, Құлжа тас жолы 2000 орынды бір мектеп), тамызға дейін – 7000 орынды 3 мектеп (Сәбденов көшесі, Рысқұлов даңғылы және Егізбаба көшесі аумақтары) іске қосылмақ. 9,7 мың орынды 7 мектеп құрылысын жеке инвесторлар жүргізбек.

Алматыда 1800 орынды 2 мектеп бойынша (Боралдай, Парасат) мемлекеттік сараптама қорытындысын 2025 жылдың наурыз айында алу жоспарлануда. Қазіргі таңда «Елімай», «Жеті қазына» және «Алтын Сити» тұрғын үй кешендерінде 3 мектеп бойынша жобалық сметалық құжаттама әзірленді. Оқушы орны тапшылығы қазіргі таңда өзгеріссіз қалып отыр, алайда, аталған жұмыстардың арқасында барлық «Жайлы мектеп» құрылысы, жергілікті бюджет есебінен салынып жатқан мектептер, жапсаржайлар салынуының арқасында оқушы орны тапшылығы 3000–4000 орынға дейін азаятын болады.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕКОВ.

ЖЕДЕЛСАТЫЛАРДЫ ЖАҢҒЫРТУ

ЖАЙЛЫЛЫҚ ПЕН ҚАУІПСІЗДІК

Алматыда жыл өткен сайын көпқабатты тұрғын үйлер мен сәулеті сәнді биік ғимараттардың қатары көбейіп келеді. Ал биік нысандардың жоғарғы қабаттарына тез жету үшін жеделсатылар үздіксіз халыққа қызмет етуі тиіс.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өткен жылы қаламызда 118 көппәтерлі үй мен 54 ғимараттың лифтісі жаңартылды. 2011–2024 жылдар аралығында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту бағдарламасын іске асыру нәтижесінде 2266 көппәтерлі тұрғын үй қамтылды. Оның ішінде 1188 үй шатыры, қасбеттері мен кіреберістері қалпына келтірілді. Инженерлік желілер мен электрмен жабдықтауды жаңарту бойынша күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, 1078 үйде 2257 лифт ауыстырылды. Бұл тұрғындар үшін жайлылық пен қауіпсіздікті едәуір арттырды.

Өткен жылы бағдарлама аясында 118 көппәтерлі тұрғын үйге күрделі жөндеу жүргізілді. Сондай-ақ, 54 үйде 100 бірлік лифт жабдығы ауыстырылды. Бағдарлама ескі тұрғын үйлердің қызмет ету мерзімін ұзартуға ғана емес, сонымен қатар энергия тиімділігін арттыруға және коммуналдық қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған. Айта кетейік, ТКШ жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламасы аясында тұрғын үй иелері жөндеу жұмыстарының барлық түрлері қарастырылған өтінім бере алады. Ол үшін сайлаушылардың 51% дауысын жинап, өтініш беру керек. Жөндеу құны коммуналдық төлемдерге кіреді және қайтарымды негізде мемлекет өтейді.

«Тұрғын үй» бағдарламасының жұмысы мен нәтижелері Instagram-дағы ресми парақшасында үнемі жарияланады. Онда күрделі жөндеуден өткен пәтерлердің, үйлердің

көптеген иелері өздерінің өмір сүру жағдайларында айтарлықтай жақсарғаны туралы ойларымен бөлісіп тұрады.

Өтініш бергеннен кейін мамандар ғимараттың жағдайын бағалайды және жаңарту нұсқаларын ұсынады. Бағдарламаның артықшылықтары: кепілсіз 15 жылға дейін бөліп төлеу, үйдің жағдайын жақсарту, коммуналдық шығындарды азайту, жылжымайтын мүлік құнын арттыру.

Кенес алу үшін +7 (727) 225-14-62, +7 701 823 66 67 (WhatsApp) нөмірлеріне хабарласуға болады. Мекенжайы: Алматы қаласы, Ғабдуллин көшесі, 90 А үй, 8-бөлме.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әсем ҚАСЕНОВА,
«245 үйдің» ОСК басқарма төрағасы:

БАҒДАРЛАМАҒА РИЗАМЫЗ

Райымбек даңғылы, 245 мекенжайында орналасқан үйімізге жаңарту бағдарламасы аясында жөндеу жұмыстары жүргізілді. Оған сылақты сұйық мәрмәрмен ауыстыру, қабырғаларды бояу, едендерді жаңарту және ескі плитканы ауыстыру кірді. Бағдарламаға ризамыз. Заманауи әрі сапалы етіп, үйімізге жайлылық сыйлаған жұмыс тобына еңбектері үшін алғыс білдіреміз.



Сурет ашық дереккөзден.

ҚАУІПСІЗДІК



Сурет ашық дереккөзден.

ЕРЕЖЕНІ ЕЛЕМЕУ

қауіптің маңызды факторы

Өрттің 95 пайыздан астамы электр жабдықтарын пайдалану ережесінің бұзылуымен байланысты.



Айнабай
МӘДИ

Осы мәселе жайында Өңірлік коммуникациялар қызметінде болған брифингте Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Константин Канин мәлім етті. Басқарма бастығының мәлімдеуінше, өрттің басты себебі – электр жабдықтарын пайдалану ережесін бұзу. Екіншіден, жылыту пешін дұрыс пайдаланбаудан. Мегаполистегі өрттің негізгі себебі ақаулы пеш пен салғырттықтан болуда.

Тағы бір күрделі мәселе – улы газдан, табиғи газ бен пропан-бутаннан улану жағдайынан туындауда. Былтыр улану салдарынан 15 адам зардап шеккен: олардың 6-ауы – улы газдан, 9-ы – табиғи газ бен пропан-бутаннан уланған. Спикер мұндай оқиғаның негізгі себебі ретінде қатты және газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін пештердің ақауы мен пайдалану ережесін елемей атап айтты. Мұржа мен жиналған күйені уақытылы тазаламау – қауіптің маңызды факторы. Әлбетте, бұл жағдай жылыту жүйесіне тұрақты техникалық қызмет көрсету қажеттігін көрсетеді.

К.Канин өрттің басым бөлігі азаматтық қорғаныс органдарының тікелей бақылауынан тыс, жеке секторда тіркелгенін атап өтті. Сондықтан қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің негізгі алдын алу іс-шарасы нақты осы саладағы өрттің, мерт болу мен жарақаттану санын азайтуға бағытталған.

«Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті Өрт қауіпсіздігін оқытудың инновациялық тәсілдерін белсенді түрде енгізіп, профилактикалық жұмыстың барлық жас тобына қызықты әрі қолжетімді етіп жасауда. Балалар мен жастарға ерекше көңіл бөлінеді», – деп хабарлады Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы К.Канин.

ЖАБДЫҚТАУ ЖҮЙЕСІ

жетілдірілуде

Алматыда газбен жабдықтау жүйесін қайта құруға арналған инвестициялық бағдарлама әзірленді.

«QazaqGaz Aimaq» АҚ Алматы қаласындағы газ желілерін жаңғыртуда 2025 жылға арналған жоспарын жариялады. Мұны Өңірлік коммуникациялар қызметі брифингінде «QazaqGaz Aimaq» АҚ Алматы өндірістік филиалы өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы А.Қасымов хабарлады. Спикердің мәлімдеуінше, мегаполисте газбен жабдықтау жүйесін қайта құруға бағытталған инвестициялық бағдарлама бекітілген. Бағдарлама аясында 2024 жылы қаланың Алатау, Наурызбай, Түркісіб, Әуезов, Алмалы мен Жетісу аудандарында 22 шақырым газ құбыры қайта жаңғыртылды.

Бұл жұмыстар инфрақұрылымның қызмет ету мерзімін ұзарту мен жүйенің өткізу қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Айбек Қасымовтың айтуынша, 2025 жылы жаңғырту жұмыстары жалғасады. Жоспарға сай, орта және төмен қысымды 31,7 шақырым газ құбырын қайта құру, 11 шкафты газ реттеу пунктін (ШГРП) жаңарту, 13 электрохимиялық қорғаныс нысанын жаңғырту жұмысы жоспарланған. Бұл шаралар газбен жабдықтау сенімділігін арттыруға, пайдалану тәуекелдерін азайтуға бағытталған және қолданыстағы желілердің қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді.

«Біздің міндетіміз – маусымға қарамастан, Алматының әрбір тұрғынын үздіксіз әрі қауіпсіз газбен жабдықтауды қамтамасыз ету. Қайта құру жұмысының арқасында біз газ құбырларының өткізу қабілетін арттырып, қаланың өсіп келе жатқан сұранысын қанағаттандырамыз», – деді өндірістік-техникалық бөлімінің бастығы.

КЕРЕК ДЕРЕК

СҰРАҢЫЗ, ЖАУАП БЕРЕМІЗ!

2023–2029 жылдарға арналған тұрғын үйді жаңғырту бағдарламасына қатысу үшін төмендегі құжаттарды жинап, өтініш беріңіз.

- Басқару органының өтініші.
- Жиналғандардың 51% келісімімен жиналыс хаттамасы.
- Ақаулы акт және алдын ала смета.
- Меншік құқығы туралы анықтама.
- Пәтерлердің ауданы көрсетілген құжат.
- Басқару органының құрылтай құжаттары.
- Үйдің техникалық паспортының көшірмесі.
- Құжаттарды үйіңіздің басқару органына тапсырыңыз.



ЗЕРДЕ

ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ!

Биыл еліміз Ұлы Жеңістің 80 жылдығын мерекелейді. Осыған орай, алматыдағы 28-ші панфиловшы-гвардияшылар саябағында Ұлы Отан соғысында елі үшін ерлікпен қаза болған батырларының құрметіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Салтанатты іс-шара батырлардың рухына тағзым етумен басталды. Салтанатты жиынға Қорғаныс министрлігі, Алматы гарнизонының әскери қызметшілері, курсанттар, әскери оркестр, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері және қала жұртшылығы қатысты.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тілеухан БАСХОЖАЕВ,
полковник, ҚР Қорғаныс министрлігі Тәрбие және идеологиялық жұмыс департаментінің басшысы:

– Ұлы Жеңіс күніне арналған іс-шараны Алматыдан бастауымыздың басты себебі – Ұлы Отан соғысына қатысқан 120 ардагердің 25-і Алматыда тұрады. Осы ардагер қарияларымыздың бесеуінің отбасында болып, сый-құрметімізді көрсеттік. Сондықтан Алматыда өтіп отырған бұл шара Ұлы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеу аясында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі ұйымдастырған бірқатар іс-шаралардың бірі болмақшы. Ұлы Жеңіс мерекесіне орай, республикалық деңгейде 60-қа жуық іс-шара өткізілсе, оның ең негізгісі 9 мамыр күні өтетін әскери шеру. Сондай-ақ, Жеңіс күніне орай ең көлемді ақшалай қаражатты қазақстандық ардагерлер алатын болады. Әрбір Ұлы Отан соғысының ардагеріне 5 миллион теңгеден тарту етілетін болады. Сонымен қатар, еліміз биыл Әлия Молдағұлованың да 100 жылдығын атап өтеді. Осыған орай, 28 қаңтар күні Қорғаныс министрінің қатысуымен Астанада Әлияға арналған ескерткіштің ашылу салтанаты өтеді. Дәл осы күні Ұлы Жеңіске арналған іс-шаралар ресми түрде басталатын болады.



Рая ЕСКЕНДІР

Ұлы Отанды жаудан қорғау жолында қазақстандық жауынгерлердің аса ерлікпен шайқасып, батылдық көрсеткені белгілі. Майданда батылдықтың үлгісін танытқан 500-ден астам адам Кеңес Одағының батыры атанса, олардың қатарында шығыстың қос шолпаны Әлия мен Мәншүк, Сағадат Нұрмағанбетов, Рақымжан Қошқарбаев, Бауыржан Момышұлы сынды батырлардың ерлігі ұрпақ жадында мәңгіге өнеге болып қалды. Соғысқа қатысқан 4 әскери ұшқышымыз екі мәрте Кеңес Одағының батыры атанды. Алматыда жасақталған ге-

нерал Панфиловтың атақты 316 атқыштар дивизиясының Мәскеу түбінде болған шайқаста көрсеткен ерлігі тарихта өшпестей орын алғаны белгілі. Жиын барысында Қазақстан халқының Отан қорғау жолында көрсеткен жанқиярлық ерлігі, әскери мақсатта қолданылатын қарумен қамтамасыз еткені, тыл еңбеккерлерінің майданға азық-түлік жөнелтіп, осы жолда көрсеткен өлшеусіз еңбектері туралы айтылып, ол ешқашан тарих бетінде ұмытылмайтынын атап өтті. Сонымен қатар, ардагерлер атынан сөз алған отставкадағы генерал-майор Айтқали Есенғұлов елімізде бейбітшілік пен салтанат құруын тілеп, жастарымызды сол бейбіт өмірді бағалауға шақырды.



ҚҰРМЕТ

ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаев Алматы қаласының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері, 101 жастағы Федор Блиновты арнайы құттықтап барды.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Федор БЛИНОВ:

ҰЛЫ ЖЕҢІС мерекесін көргім келеді

Жақында ғана 101 жасқа толған Федор Блинов қонақтарды ерекше көңілмен қарсы алып, ризашылығын білдірді. Бұл күні ардагер қарияға Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің атынан Алғыс хат, жеміс-жидек себеті табыс етілді.

Федор Блинов 1924 жылы 10 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы, Александровка ауылында дүниеге келген. Ол соғыс бастала салысымен, қан майданға аттанып, Беларусь, Украина, Польша, Чехословакия және Германияны қорғау үшін болған шайқастарға қатысады. Оның ерлігіне ерекше ризашылығын білдірген Сталиннің Алғыс хаты әлі күнге сақтаулы тұр. Сол кеткеннен елге

1947 жылдың мамырында бір-ақ оралады. Өмір бойы Зырян қаласында байланысшы болып жұмыс істеді. 1997 жылы Алматыға қоныс аударып, Түрксіб ауданының тұрғыны атанады. Қария құдай қосқан қосағымен 73 жыл бірге тұрып, осыдан 4 жыл бұрын мәңгілік сапарға шығарып салған екен. Қазір қызы Маринаның отбасында тұрып жатыр. Ардагер қарияның бес баласы, олардан тараған немерелері мен шөберелері бар.

– Баршаңызға денсаулық пен ұзақ ғұмыр тілеймін. Талай жанның өмірін жалмаған соғыс енді қайта болмаса деймін. Ендігі тілегім – Жеңістің 80 жылдық мерекесін көрсем деймін, – дейді Федор Блинов.



ӨНЕР ЖАРЫСЫ

ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ӘН БАЙҚАУЫ

Орталық армияшылар үйінде тарихта «Ұлы Отан соғысы» деген атпен мәлім Екінші дүниежүзілік соғыстың жеңіспен біткеніне 80 жыл толуы қарсаңында шаһарымыздағы мектеп шәкірттері арасында «Отан дауысы» әскери-патриоттық тақырыпта ән-би байқауы ұйымдастырылды.



Айнабай МӘДИ

Өнер жарыс алдында салтанатты түрде еліміздің Әнұраны орындалды. Көркемөнер сайысының беташары «Кербез гүлдер» бишілер тобының «Қазағым-ау» биімен ашылды.

«Ортақ тарихымызда болған Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске қосқан қазақстандықтардың үлесі зор. Майданға кеткен 1 млн 200 мың жауынгердің жартысы қанды қырғыннан қайтпай қалды. Жеңісті жақындатуға тыл майдангерлері де білек сыбана кірісті. Фашизмге қарсы жан аямай күрестегі ерлік ешқашан ұмытылмақ емес. Жастар мұны жадында сақтаған. Мына көркем-өнер сайысы да соның бір жар-



қын үлгісі», – дейді даңқты дивизия командирі, генерал Иван Панфиловтың жиен-немересі, ҚР Қарулы Күштері Әскери-патриоттық орталығы басшысының орынбасары Алуа Байқадамова.

Қазақтың тұңғыш хор капелласын құрған көрнекті композиторымыз Бакытжан Байқадамовтың кіші қызы Алуа апайымыз – бүгінгі әскери рухтағы ән-би байқауы әділқазы алқасының төрағасы. Әділқазы құрамында елімізге аты өнер шеберлері – әнші Айжан Нұрмағамбетова,

скрипкашы Жәмила Серкебаева, хореограф Низам Кәрімов болды.

«Мына іс-шараны оқушылар арасында өткізудегі мақсат – өнерпаздарды анықтау ғана емес, шәкірттеріміздің бойына отаншылдық сезімді ұялату» дейді Алматы қалалық Білім басқармасы Дене тәрбиесі және спорт оқу-практикалық орталығының директоры Бактияр Елемесов.

Майдан әндерін шырқап, мың бұрала билеп өнерімен танылған өнерпаз өрендер дипломдармен марапатталды.



БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

Ғалым НҮРДӘУЛЕТОВ,
Алматы қаласындағы
№6 мамандандырылған
өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі:

«БІЗ ҮШІН ӘР СЕКУНД ҚЫМБАТ»



күйік шалған адамдарға алғашқы медициналық көмек көрсете алатындай қабілет болу керек бізде. Егер қандай да бір төтенше жағдай болса, онда барлығымыз оқиға орнына аттануға сақадай сай дайын тұрамыз. Бөлімше командирі болған соң тілсіз жаумен айқасуға жолды өзім бастап барамын. Біздің жігіттер жаздың аптап ыстығында да, қыстың қытымыр аязында да уақытпен санаспай еңбек етуге даяр тұратын кәсібіне адал жандар. Мен олардың әрқайсысын бейбіт күннің батырлары деген атқа лайық деп санаймын.

– **Өрт – айтып келмейтін қорқынышты апаттардың бірі. Бөлімшеге қоңырау келіп түскенде оқиға орнына қанша уақытта жетулеріңіз керек?**

– Өрт туралы хабар келгенде, бөлімше қызметкерлері арнайы форманы 19-20 секундта тез киіп үлгеруге тиіспіз. Одан кейін жоғары қабаттан түсіп, гараждан 1-2 минут ішінде шығып кету керек. Сол үшін формаларымызды ерекше әдіспен дайындап қоямыз. Мәселен, өрте киетін күрте алдын ала теріс аударылып, шлем, шалбар, өрт белдігі барлығы белгілі бір тәртіппен әзір тұрады. Ал апат орнына неғұрлым тезірек бару үшін құтқару көліктері минутына 2 шақырым жылдамдықпен жүруге тырысады. Бұрындары қаладағы жол кептелісінен көп қиындықтар туындайтын. Қазір көлік жүргізушілер түсіністікпен қарайды. Жылдам шетке қарай ығысып, бізге жол береді. Бұдан біз Алматы көшелерінде жол жүру мәдениеті қалыптасып келе жатқанын байқаймыз. Төтеншеліктерге мұның өзі үлкен көмек. Уақытымыз санаулы болғандықтан, біз үшін әр секунд алтынмен тең.

Өрт тактикасын жақсы меңгерген адам оттан қорықпайды

– **Жұмыстарыңыз қауіп-қатерге толы екені айтпаса да түсінікті. Дегенмен, дабыл қағылып, шақыртуға бара жатқанда қорқыныш сезімі бола ма?**

– Пенде болған соң неге болмасын, әр дабыл қағылған сайын барлығымызда да қорқыныш болады. Ол қалыпты жағдай. Бірақ сол ішкі үрейді біз жеңе білуіміз керек. Мәселен, сен лапылдаған өрттің ішіне кірдің делік, егер бойыңды қорқыныш, үрей билей ме, онда өрт сөндірімек түгілі, өзін сол отқа жанып кетуің мүмкін. Сондықтан тілсіз жаумен күреске барғанда өзіңді ұстай білу, қорқынышқа бой алдырып, өзіңді жоғалтып алмау – өрт сөндірушілердің басты міндеті. Ал өрт тактикасын жақсы меңгерген адам оттан қорықпайды, өзіне сенімді болады. Менің осы 30 жыл ішіндегі бір түсінгім, лаулаған отты да кеудесінде жалындаған жігері мен көзінде оттың ұшқыны бар адам ғана өшіре алады екен. Көзім жеткен бір нәрсе осы.

– **Қандай өртті сөндірген қиын немесе тілсіз жаудың ең қауіпті түрі қайсысы?**

– Өрттің барлығы қауіпті. Дегенмен, ғимараттың немесе үйдің ішінде газ баллоны болған кезде, бензин, газ сияқты жарылғыш заттар орналасқан нысандардағы өрттердің зардабы орасан. Себебі, олар жарылаша бүкіл айнала жоқ болуы мүмкін. Көпқабатты тұрғын үйлердегі өрт те оңай емес. Адамдардың паникасының өзі бір-біріне зиянын тигізіп жатады. Қорыққанынан биік қабаттардан секіріп кетіп жатқандар да кездесті ғой Алматыда.

Сондықтан қызыл жалынның ортасына кіргенде біздің бар назарымыз ең бірінші от ортасында қалған адамды құтқаруға, одан

кейін өртті сөндіруге ауады. Ал оны сөндіру – бүкіл бір команданың жұмысы. Демек, біздің күшіміз – бірлікте.

– **Оқу-жаттығу жұмыстары күнделікті жүргізіле ме?**

– Өрт сөндірушілер физикалық, психологиялық және техникалық тұрғыда мықты болуы үшін олар тәулік бойы жаттығады. Мәселен, сарбаздар кезекшілікке түскен кезде таңертең сағат 10.00-ден түскі 13.00-ге дейін теориялық сабақтарға қатысады. Одан кейін жетекші офицерлердің медициналық, практикалық-тактикалық дәрістерін тыңдайды. Ауданымызда орналасқан мектеп, балабақша, сауда орталықтары секілді үлкен нысандарға барып, ғимараттың іші-сыртында жедел құтқару шараларына үздіксіз дайындық жасайды. Қорыта айтқанда, кәсіп иелеріне өрт сөндіру кезіндегі әрбір қимыл, тосын жағдайларда қалай әрекет ету керек, адамдарды қалай құтқару керек, барлығын үйретеміз.

Марапат – мерей өсіреді

– **Демалысқа да, мерекеге де қарамай қызмет ететін төтенше жағдай қызметкерлерінің еңбегі лайықты бағаланып жүр ме?**

– Мемлекет басшысы биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Өз басым бұл шешімді қарапайым еңбек адамдарының қоғамдағы рөліне құрмет, олардың өмір сапасын жақсартуға барынша қолдау деп білемін. «Жеті жұттың» біріне санаған өрт апаты қай кезде де қауіпті. Сондықтан біздің жанкешті еңбегіміз ешқашан елеусіз қалған емес. Басшылық тарапынан үнемі алғысқа, мерейінді өсірер марапаттарға ие болып жатамыз. Өткен жылы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан мемлекеттік награда «Ерен еңбегі үшін» медалін табыс етті. Бұл мен үшін ғана емес, менің бүкіл әріптестеріме көрсетілген жоғары құрмет деп санаймын. Бүгінде халықтың алғысына бөленіп, еңбек етіп келеміз. Жұмысымыз қалыпты режимде жалғасып жатыр.

– **«Жігітке жеті өнер де аз» деп жатады. Қызметтен тыс қоғамдық жұмыстарға, өнер кештерінде домбыра шертіп, ән салады екенсіз. Тағы қандай өнеріңіз бар?**

– Қадірлі аспаптың құлағында кәсіби мамандар секілді ойнамасам да, өз ортамада, ұжымдық кештерде домбырамен ән салатын өнерім бар. Ұжымдағы көркемөнерпаздар үйірмесінің мүшесімін. Мерекелік іс-шараларда белсендімін. Спортқа да өте жақынмын. Бала кезімде футболист болуды армандағанмын. Ұжымдық жарыстарда да жеткен жетістіктеріміз аз емес. Мәселен, біздің бөлімшенің шағын футбол командасы гарнизондық бөлімшелер арасында аяқдоптан екі дүркін чемпион атанған. Шәкірттеріміз 2021 жылы «Үздік ГДЗС бөлімшесі» гарнизондық байқауында 3-ші орынға ие болды. Өзім бос уақытымда доп тепкенді, волейбол ойнағанды жақсы көремін. Жұбайым Жанар екеуміз Баубек, Батырбек есімді 2 ұл, Балауса, Балым есімді 2 қыз тәрбиелеп отырған бақытты жанұямыз. «Балам – қымбат, баламның баласы – жаным» дегендей, Бауыр, Райымбек, Дәрия есімді сүйкімді немерелердің ата-әжесіміз. Тұңғыш ұлымыз бен одан кейінгі қызымыз отбасын құрған. Кейінгі екі баламыз мектепте оқиды.

– **Қажырлы еңбегіңізге табыс тілейміз. Сұхбатыңызға рахмет.**

Әнгімелескен
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

Өрт сөндіруші – қорқыныш пен ерлікті қатар алып жүретін ең қауіпті әрі құрметті мамандықтардың бірі. Бұл кәсіп иелері күн сайын өмірлерін қатерге тігіп, от пен жалынға қарсы күреседі. Олар үшін қорқыныш – табиғи сезім, бірақ оны жеңе білу – қызметтік мақсат.

Бүгінгі біздің кейіпкеріміз – Ғалым Нұрдәулетов, Алматы қаласының Әуезов ауданындағы №6 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінде бөлімше командирі. Оның бір орында табан аудармастан еңбек етіп келе жатқанына биыл 30 жыл болады екен.

Иә, ұзақ жыл бойы бір салада жұмыс істеу – адам баласының өз ісіне деген адалдығының, шыдамдылығының және табандылығының жарқын дәлелі. Мұндай адамдардың өмір жолы – болашақ ұрпақ үшін үлгі деуге тұрарлық. Ғалым Амангелдіұлымен өрбіген сұхбатта өз өмірін қатерге тігіп, өзгенің өмірін сақтап қалауда көзсіз ерлік көрсетіп жүрген өрт сөндірушілердің жұмысы жайында баяндалады.

«Бейбіт күннің батырлары»

– Ғалым Амангелдіұлы, бұл мамандыққа қалай келдіңіз?

– Қызыл жалынмен бетпе-бет келіп, отқа оранған ғимараттарға кіремін деп кім ойлады дейсіз?! Құда балам өрт сөндіруші болып жұмыс істейтін. Екеуміз жақсы дос болатынбыз, ара-тұра жұмысына барып тұратынмын. Кейін әскерден келгенде «бізге мамандар керек, өрт сөндіруші боласың ба?» деп жұмысқа шақырған соң, 1995 жылы қажетті құжаттарды жинап, жұмысқа орналастым.

– **Қызметі ауыр салада жүргеніңізге биыл 30 жыл болыпты. Аз уақыт емес, әрине. Талай өрт сөндіру оқиғаларына қатыстыңыз. Солардың ішінде ең қауіпті болып, есіңізде қалғаны бар ма?**

– Сәл нәрседен тұтанып, бой бермейтін тілсіз жаудың жолын кесуде ірілі-ұсақты талай оқиғаға қатыстық қой. Сондықтан олардың саны мұнша деп дөп басып айту

қиын. Баяғы атышулы «Барахолкадағы» 3-4 базар қатар жанғанда, одан кейін «КарСити» сауда орталығындағы алапат өрттің бел ортасында жүрдік. Әсіресе, «КарСитидің» жертөлесіндегі бутиктер жанған кез есімнен кетпейді. Бет қаратпайтын жалынға қарсы жүріп, аса жоғары температурада қауіптің алдын алу деген енді сұмдық еді. Сонда біздің құйған суларымыздың өзі жерге жиналғанда ысып кетіп, жүре алмадық. Оған қою қара түгін қосылғанда, ештеңе көрмейсін. Бар үмітің қорғаныш киімің мен қолыңдағы құрылғыңда! Мен осы 30 жыл ішінде қатты өрт кезінде киетін газ түтінінен қорғайтын аппаратпен ең көп жұмыс істеген екенмін. «КарСитидегі» өрт те осы құрылғымен есімде қалыпты. Алматыдағы Бөкейханов, Москвина көшелеріндегі қоймалар жанған кез, «АДЕМ»-де болған өрт те есте...

– **Өзіңіз басқаратын бөлімшенің тыныс-тіршілігі, қызметтестеріңіздің жұмысы жайында бірер сөз қозғасак...**

– Біз Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің Әуезов ауданына қарасты №6 мамандандырылған өрт сөндіру бөліміне қараймыз. Бөлімде 70-ке жуық адам еңбек етеді. Онда бөлім бастығы, бірнеше бөлімшелерге жетекшілік ететін командирлер болады. №6 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінде 4 қарауыл ауысыммен жұмыс істейді. Ал сол қарауылдардың өзі 3-тен 5-ке дейінгі бөлімшелерден тұрады. Әр бөлімшенің өзінің атқаратын қызметі, техникасы бар. Менің бөлімшем 1998, 1999, 2000 жылы туылған жастардан құралған. Барлығы «сен – тұр, мен – атайын» дейтіндей, мықты жігіттер. Мамандарымызға қандай қиын сәт болса да сабырлылық, шапшаңдық, төзім мен әп-сәтте шешім қабылдай алатын тәуекелшілдік тән. Одан кейін түтінге тұншыққан,

ЕРІКТІЛЕР ҚАЛАСЫ

ДОНОРЛАР КҮНІ

мейірім мен ізгілік белгісі

Үндістанның Қазақстандағы Елшілігі жыл сайын Донорлар күнін өткізіп келеді. Қазіргі таңда қан тапсырудың медицина мен адам өмірі тұрғысынан маңызы айрықша.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Алматыда өткен маңызды шараның мақсаты — апатқа ұшырағандар, ауыр науқасқа шалдыққан адамдар, қан қызметіне зәру науқастар, өмірге жаңа келген нәрестелер мен босану кезінде көп қан жоғалтқан әйелдерге көмек көрсету үшін өтеусіз қан тапсырып, адам өмірін сақтап қалуға үлес қосып жүрген жандарды құрметтеу. Бұл күннің маңыздылығы қан тапсыру арқылы көмек көрсету тек физикалық тұрғыда ғана емес, рухани деңгейде де үлкен әсер ететінін дәлелдейді.

Алматы қаласы мен Алматы облысында қан және оның компоненттерін жинау, дайын-

дау және қажетті медициналық мекемелерге жеткізу ісі Қалалық қан орталығының негізгі міндеті болып табылады. Орталықтың тәулік бойы үздіксіз қызмет көрсетуі арқасында Алматы облысының 22-ден астам медициналық мекемесін қажетті қанмен қамтамасыз етілуде. 2024 жылы 19 000-нан астам донор қан тапсырды, бұл дегеніміз 10 000-нан астам литр қан.

Бұл дегеніміз — мындаған өмірдің сақталуына септігін тигізген үлкен жұмыс. Қалалық қан орталығының ұжымының үнемі ізденіс пен жаңа технологияларды енгізу арқылы донорлық қан компоненттерінің сапасын арттыруы, сондай-ақ, қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу іс-шаралары, қоғамның денсаулығына үлкен ықпал етеді.

Қан тапсыру — бұл тек медициналық тұрғыда ғана емес, рухани тұрғыда да үлкен жауапкершілікті талап ететін іс. Бұл процеске қатысқан әрбір адам өз ісімен басқа біреудің өміріне үміт пен жаңа мүмкіндік сыйлайды. Донорлар күні — адамның адамға деген қамқорлығы мен мейірімін көрсете алатын ұлы күн. Әрбір қан тапсырушының бұл бастамасы — қоғамдағы ізгілікке қосылған бағалы үлес, әрі ол басқа адамдарға да осы игі істі жалғастыруға шабыт береді.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Доктор Т.В.Нагендра Прасад, Үндістанның Қазақстан Республикасындағы Елшісі:

«Барлықтарыңызбен осындай игі іс-шарада кездескеніме қуаныштымын. Бұл шарада кездескеніміз біз үшін үлкен жетістік деп санаймын. Өйткені, үнді халқы әрқашан көршісіне, жақынына қолұшын созып, көмектесіп келген. Оған көп мысалдар бар. Мысалы, COVID пандемиясы кезінде, әлемнің ешбір елі вакцинасымен бөліспеген уақытта Үндістан алғашқылардың бірі болып көптеген елдерге көмек қолын созған болатын. Айтатын болсақ, мұндай мысалдар өте көп. Осының бәрі бір адамның екінші адамға деген қамқорлығы мен мейірімі екенін көрсетеді. Бүгінгі осы іс-шараның қайтадан жанданып жатқанына мен қуаныштымын. Алдағы уақытта да осындай іс-шаралар арқылы екі ел арасындағы байланыс нығая түсетініне сенімім мол», — дейді дипломат сөзінде.



Индира ЕСІРКЕПОВА, ерікті:

— Мен бүгін бірінші рет қан тапсырып отырмын. Бұрын денсаулығым дұрыс болмағандықтан, қан тапсыру мүмкіндігі болмаған еді. Бірақ бүгін бұл іс-шараның маңыздылығын түсініп, көмек ретінде қан тапсырып жатырмын. Жұмыс істейтін компаниямдағы әріптестерім де осы іс-шараға қатысуға келді. Барлығына айтарым, егер сіздерде денсаулық жағдайыңыз мүмкіндік берсе, осындай іс-шараларға қатысып, қолдарыңыздан келгенше көмек беріңіздер. Бұл тек адамдық борыш ғана емес, үлкен мейірімділік пен ізгіліктің белгісі.



КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

МЕТРОПЛАСТИКА

репродуктивті қызметті қалпына келтіреді

Алматылық 34 жастағы әйел жүктілігінің 37 аптасында №2 қалалық перинаталдық орталығына шұғыл түрде жатқызылды. Тексеру кезінде оның жатырында екі рет кесар тілігінен кейін қалған тыртығы бар екендігі, сонымен қатар, босану сәті басталғаны анықталды.



Нұрмира Тұрсаханованың айтуынша, метропластика — бұл әйелдердің репродуктивті қызметін қалпына келтіруге арналған реконструкциялық операция, оның барысын-

да жатырдағы жарамсыз тыртық жаңа, бірақ толыққанды тігістің пайда болуымен жойылады. Нәтижесінде оның функционалдығы мен тұтастығы бұзылады. Жатыр қабырғасы қалпына келеді.

Иә, операция сәтті өтті. Үш қызы бар, бірақ үл сүюді армандап жүрген әйелдің келесі жүктілігі асқынусыз өтетіні сөзсіз. Дәрігерлер де оған осындай мүмкіндік сыйлай алғаны үшін қуанышты.

Нұр ЖАМАЛ.

ӘЛЕУМЕТ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында күйзелістің алдын алу және осындай психикалық бұзылыстары бар адамдарды қолдау мәселелеріне арналған брифинг өтті. Алматы қаласы «Психикалық денсаулық орталығының» психологы Гүлмира Сәдуақасова күйзелістің негізгі себептері, белгілері мен онымен күресу жолдары туралы айтып берді.



Нұржамал
ӘЛПШ

Маманның айтуынша, күйзеліс — бұл әдеттегі жабырқау немесе уақытша эмоционалды өзгерістермен шатастыруға болмайтын ауыр психикалық бұзылыс. Ол адам өмірінің барлық аспектісіне, соның ішінде адаммен қарым-қатынасқа, жұмысқа және денсаулыққа әсер етеді. Күйзеліске түскен жанда көңіл күйі, өмірге деген қызығушылық болмайды, жиі шаршайды және ештеңеге қуана алмай, мүлдем селт етпейді.

Спикер күйзеліс кез келген жаста пайда болуы мүмкін екенін, бірақ көбіне жасөспірімдер мен 20–30 жас аралығындағы жастарда кездесетінін атап өтті. Клиникалық депрессия — негізгі депрессиялық бұзылыс, ауыр түрі. Бұл, мысалы, жақын адамы қайтыс болған немесе ауруға шалдыққан адамда кездеседі.

Сарапшы күйзелісті жеңуге көмектесетін бес ұсынысты атап өтті:

— эмоционалды жаттығу, мысалы, балық аулау, аквалангпен жүзу, тир, спорт немесе адреналинді тудыратын

ХОББИ ДА КҮЙЗЕЛІСТЕН АЛЫП ШЫҒАДЫ

немесе кімдер депрессияға жиі ұшырайды?



(Сурет: ашық дереккөзден).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлмира СӘДУАҚАСОВА, Алматы қаласы «Психикалық денсаулық орталығының» психологы:

ЖАС БОСАНҒАН АНА ДА ДЕМЕУ КҮТЕДІ

Жас босанған әйелдер депрессияға жиі ұшырап жатады. Мұндай жағдай балалы болғаннан кейін екі аптадан кейін көрініс беруі мүмкін және кейбір жағдайларда бірнеше жылға созылады. Бұл аурумен ауыратын науқастардың көпшілігінде оған бейімділік болады: тұрақсыз психэмоционалды жағдай, бұрын болған депрессиялық эпизодтар, бақыт, рахат және қанағаттану гормондарының, яғни серотонин мен дофамин бөлінуінің азаюы. Босанған әйелдің ағзасының гормоналды тұрғыда өзгеруі күйзелістің дамуына түрткі болуы мүмкін. Уақытылы диагноз қойылмаса немесе емделмесе, босанғаннан кейінгі күйзеліс өзгеріп, бұзылулардың басқа түрлеріне айналуы ықтимал.

Симптомдардың ауырлығына байланысты босанғаннан кейінгі күйзелістің үш түрі бар: «бэби-блюз» — көңіл күйдің жеңіл түрде нашарлауы және екі апта ішінде өтетін эмоционалды тұрақсыздық; клиникалық күйзеліс — өзіне балаға қамқорлық жасау қабілеті бұзылған жағдай маманның кеңесін қажет етеді; психоз — бұл шынайы өмірмен байланысын жоғалтумен және суицидтік ойлармен бірге жүретін сирек кездесетін ауыр ауру. Дегенмен, күйзелісті жағдай ертерек анықталса, ауыр зардаптардың алын алуға әбден болады.



ӘЛЕУМЕТ

«JOBCOASH»
ЖОБАСЫалматылық мүгедек жандарға
қолдау көрсетуді көздейді

2025 жылдың II тоқсанында «Jobsoash» жобасын іске қосу жоспарлануда. Басты бағдар – мүгедектігі бар адамдарды тұрақты жұмыс орнында толық бейімделгенге дейін сүйемелдеу.

Нұржамал
ӘЛІП

Жобаның мақсаты – кедергісіз жұмыс ортасын құру, мүгедектігі бар адамдардың мәселелерін саналы және жан-жақты ескеру, компанияның ішкі құрылымдары мен үдерістеріне енгізу кезінде жұмыс орнында еңбек қызметіне тартудың ерте сатысында шектеуші факторларды анықтау, жұмысқа қабылдау және жұмысқа орналастыру кезінде мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамтуды қолдауды қамтамасыз ету. «Jobsoash» жобасы бойынша 2025 жылы 300 адамды жұмысқа орналастыру жоспарланған.

Толығырақ ақпарат алу үшін Достық даңғылы, 85 мекенжайында орналасқан Алматы қаласының мансап орталығына хабарласуға болады. Байланыс үшін телефон: 8 (727) 310-47-82.

Иә, біздің қоғамда мүмкіндігі шектеулі жандар да барлық игілікті игере алады, оған бәрімізбен теңдей құқылы. Мәселен, мүгедектер құқықтары жөніндегі «Жан» қоғамы 2001 жылдан бері жұмыс істейді. Бірлестіктің есебінде көптеген әлеуметтік маңызды жобалар бар. Мамандар көру қабілеті нашар балалар мен ересектерге телефон мен компьютерді қалай сауатты қолдануды үйретеді. Мұнда 20 қызметкер жұмыс істейді. Олардың арасында зағип жандар үшін кітаптарды дауыстап оқылуын жүзеге асырған мамандар да бар.

Мәселен, тұрақты жұмыс тапқандардың ішінде 2-топ мүгедегі, сал ауруына шалдыққан Мейрамбек Дінеев те бар. Ол бүгінде қоғаммен тығыз қарым-қатынаста, үйлесімді жұмыс істеп жүр. Яғни осыдан бір жыл бұрын колледжді тәмамдап, қазір жоғарыда аталған «Жан» қоғамында техник-бағдарламашы болып жұмыс істейді. Кәсібі өзіне ұнайтынын айтады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрсұлтан БЕКҚАЙЫРОВ,
Алматы қаласы
Жастар басқармасының жастарды
әлеуметтендіру және жастар
бастамаларын қолдау бөлімінің
басшысы:

Бәріміз қоғамның
тең өкіліміз

Алматы қаласында былтыр жастарды жұмыспен қамту және олардың әлеуметтендірілуіне бағытталған бірқатар тиімді бағдарламалар жүзеге асырылды. Қалада 69,3 мың жас тұрақты және уақытша жұмыс орындарына орналастырылып, жұмысқа орналастыру іс-шараларының нәтижесінде жастардың әлеуметтік жағдайы жақсарды. Бұл ретте жоғары оқу орындары, колледждер мен жұмыс берушілерді біріктірген қалалық Мансап орталығының шешуші рөлі жоғары.

Былтыр қалалық Мансап орталығының инклюзивті бағдарламасы арқылы 10-нан астам мүмкіндігі шектеулі жан жұмысқа орналасты. Бағдарлама еңбек нарығында ерекше қиындықтарға тап болған жастар үшін тең жағдай жасауға бағытталған. Қатысушылар кәсіби тұрғыда түйіндеме жасауды үйренеді, сондай-ақ, мамандар кеңесін тегін алады және жұмыс беруші-серіктестер ұйымдастыратын оқудан ақысыз өтеді.

ҚАЛДЫБАЙ МОНТАҚАЕВ – 75

АСҚАҚТЫҚ ПЕН
ҰЛТТЫҚ СӘЙКЕСТІК

Қазақ даласы дарын иелеріне кенде емес, алайда олардың әрқайсысын даралап тұратын өзіндік ерекшеліктері болады. Сондай дарабоз тұлғалардың бірі – Қалдыбай Монтақаев еді. Биыл Қазақстанның көрнекті сәулетшісінің туғанына 75 жыл. Еліміздің сәулет өнерінде еңбек етіп жүрген мамандардың ішінде оның шығармашылығы өзіндік қайталанбас стилімен ерекше болатын.

Қазақ сәулет өнерінің
жарық жұлдызы

Қазақ сәулет өнері бүгінде біраз жетістіктерге жетті, дегенмен сәулет өнерінде әлі де кемшін болып табылатын асқақтық пен ұлттық сәйкестік осы сәулетшінің шығармашылығына тән еді. Жас кезінде-ақ ол талай маргасқа сәулетшілермен иық тіресе тұрды, өйткені өзіне тән қарымдылығы мен мінезділігі өнерде де көрініп, қазақ сәулетінде талай жылдардан бері қалыптасып қалған таптаурын үлгілерді бұза-жара, өзіндік соны шығармашылығымен көпшілікті сүйсіндіре әрі таңғалдыра келді. Осы бірегейлігінің арқасында Қалдыбай Монтақаев кеңестік және қазіргі заманғы қазақ сәулет өнерінде жарқ етіп жанған жаңа жұлдыз болды.

Ғимараттар бүкіл дәуір
бейнесіне айналды

Қазақстан тәуелсіздігін алып, өзінің елдік, ұлттық нақыштарын қалпына келтіріп әрі дамытып жатты. Елорданың Алматыдан Астанаға көшірілуі барлық сала мамандарымен қатар сәулетшілердің де ерен еңбегін талап етті. 1996 жылы Ақмоланың бас жоспары тұжырымдамасы бойынша республикалық байқау жарияланып, Қазақстанның жаңа астанасындағы елеулі нысандарды жобалауға шабыттана кіріскен Қалдыбай Монтақаев бастаған сәулетшілер тобы осы байқауда жеңіске жетті. Бұл да сәулетшінің дарыны мен еңбекқорлығының лайықты бағасы еді. Астанада жүзеге асырылған жобалардың қатарында ел Президентінің, Парламенттің, Үкіметтің резиденцияларының ғимараттарымен қатар Конгресс холл ғимараттары, әуежай және сәулетші Монтақаев «үшінші мыңжылдық» қаласы идеясын бейнелеуге тырысқан басқа да көптеген нысандар бар.

Сәулетші қоғамдық өмірге белсенді араласып отырды. Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағының президенті ретінде ол сәулетшілердің тәжірибе алмасуына және кәсіби өсуіне ықпал етті: ұлттық сәулет мектебінің мұрасын сақтауға, жақын және алыс шет елдердегі әріптестерімен кәсіби байланыстарды нығайтуға, іскерлік кездесулер, көрмелер, симпозиумдар сияқты түрлі іс-шараларды өткізуге үлкен көңіл бөлді. 1991 жылы заманауи сәулет өнерін дамытуға қосқан зор үлесі үшін «КСРО халық сәулетшісі»,



ал 1997 жылы Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен марапатталды.

Осы мақаламды жаза отырып, мен де 1986 жылы Алматы сәулет және азаматтық инженерия институтын бітіргеннен кейін «Алмаатагипрогор» мемлекеттік ғылыми-зерттеу институтында еңбек жолымды сәулет өнерінің майталманы Қалдыбай Монтақаевтың басшылығымен бастағанымды нағыз сәттілік деп санайтынымды әрі мақтаныш ететінімді айтқым келеді. Ол кезде үлкен институттағы өмірдің қарқыны орасан еді – мамандардың бәрі жұмыстан бас алмай, түрлі жобалармен жұмыс істеп жататын. Алайда, көп ұзамай әскер қатарына шақырылғандықтан, мен бірден ұжымға етене еніп, сәулетшілік жұмыстың бар қыр-сырымен таныса алмадым. Бұл мүмкіндік тек әскерден оралғаннан кейін ғана жүзеге асты. Бірнеше ай бойы сәулетші болып жұмыс істеп, осы бір әрі күрделі, әрі қызық өнер саласының жұмы-

сын үйрене бастадым. Анда-санда институттың сол кездегі бас сәулетшісі Қалдыбай Жұмағалиұлымен кездесіп қалатыным болмаса, ол кісімен бірге жұмыс істей қойған жоқ едім.

Ұстазым әрі тәлімгерім

Жақынырақ танысу мүмкіндігі ойламаған жерден туды: институт Армениядағы апатты жер сілкінісіне байланысты қайта құру бағдарламасына қатысатын болып, 1989 жылы Ереван қаласына іссапарға жиналған мамандармен бірге мен де бардым. Институт мамандары Леникан қаласында жаңа ықшам-аудандар жобаларын әзірлеу жұмыстарына тартылды. Бұл нобайлық ұсыныстарды дайындау барысындағы алғашқы сапарлардың бірі еді. Мен сол кезде өзім туындыларына қызығып қарайтын, көпшіліктің құрметіне бөленген шебермен бетпе-бет жұмыс істеп, ерекше әсерге бөлендім. Тұрғын үй ғимараттарының жайғасымын нобайлау жұмыстарында оған көмекші болғаным мен үшін үлкен тәжірибенің бастауы болды.

Бұл сапарымыздың нәтижесінде біздің нобайларымыз бекітілді және талқыланды. Шебермен сөйлесу, оның энергиясы, танымпаздығы мен білімі, ақыл-ойының айқындығы маған үлкен әсер етті. Содан бері мен Қалдыбай Жұмағалиұлын өзімнің ұстазым және тәлімгерім деп санаймын.

Қалдыбай Монтақаев бар болғаны 58 жас ғұмырында еліміздің тарихынан, қазақ сәулетінің тарихынан лайықты орын алған үлкен өнер иесі болып қалды. Оның көптеген ғимараттары бүкіл дәуірдің бейнесіне айналды және біздің қоғамның мәдени мұрасына енді. Сәулетші ісі бүгінде тек оның сәулеттік нысандарымен ғана емес, сонымен қатар оның шәкірттерінің туындыларымен де жалғасып келе жатыр.

Әбуәли ТӘТІҒҰЛОВ,
Қазақстанның Құрметті сәулетшісі.

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Қалдыбай Жұмағалиұлы Монтақаев – 1950 жылы РКФСР-дің Алтай өлкесі Құнды ауданының Қаракөл ауылында мұғалім отбасында дүниеге келген. Алматыдағы В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітіріп, сәулетші дипломын алды. Сәулетшілік қызметін 1972 жылы сол кездері Алматы қаласы бойынша негізгі жобалау ұйымы болған «Алма-Атагипрогор» мемлекеттік жобалау институтында бастады. Жұмысқа құлына кіріскен ол алғашқы жылдарда-ақ көптеген сәулет нысандарының авторы болды. Олардың ішінде басым көпшілігінің құрылысы салынған тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттар, жаңа ықшамаудандардың жобалары бар еді. Әрбір жыл, әрбір жоба жас сәулетшінің шеберлігін шыңдады, білімін толықтырды. Сол тәжірибесі кейіннен еліміздің бас қалалары – Алматы мен Астананың сәулеттік келбетін аша түскен болашақ жобаларды дүниеге әкелді.

30 жасында-ақ сәулетшінің қызметі Үкімет тарапынан мойындалды. 1980 жылы ол «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген сәулетшісі» атағын алып, 1982 жылы Алматыдағы Республика алаңындағы ғимараттар кешені үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Алаңның жайғасымы мен кеңістіктегі көлемдік шешімі сол кездегі кеңестік сәулет өнерінің ең үздік жұмыстарының бірі болды. Бұл оның шығармашылық жолында жеткен алғашқы үлкен белесі еді. Одан кейінгі жылдары жобаланған сәулетшінің көпке танымал туындылары – Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің ғимараты (қазіргі Республика алаңындағы қала әкімдігінің ғимараты), Алматы облыстық партия комитетінің ғимараты (қазір Әйтеке би көшесіндегі әкімшілік ғимарат), Алматы әуежайының халықаралық жолаушылар терминалы (2004), сондай-ақ Республика алаңындағы Тәуелсіздік ескерткіші оның шеберлігінің шыңдала түскенін танытты.



ЭЛЕКТРОНДЫ САУДА

ҚЫТАЙЛЫҚ МАРКЕТПЛЕЙСТЕР

инновациялық сауда үлгілерін ұсынуда

Электронды коммерцияның қарқынды дамуы трансшекаралық сауда-саттықты айтарлықтай тиімді әрі қолжетімді етті. Бұл саланың дамуы әлемдегі нарықтарды да біріктіре түсті. Қазіргі таңда көптеген елдердің азаматтары қытайлық электронды коммерция платформаларынан түрлі өнімдер сатып алып, әлемдік нарыққа еркін қол жеткізіп отыр. Электроникадан бастап киім-кешек, тұрмыстық техника мен аксессуарларға дейінгі кең ауқымды тауарлар қолжетімді. Бұл құбылыстың басты себебі – қытайлық интернет-дүкендердің тартымды баға мен ауқымды ассортимент ұсынуында. Олар тұтынушыларға әлемнің кез келген түкпірінен қажетгі өнімдерді тез әрі жеңіл сатып алу мүмкіндігін береді.

Аяжан

СЕРІКҚЫЗЫ

Дегенмен, бұл үдеріс өзімен бірге жаңа қиындықтарды да ала келді. Қытайлық маркетплейстер, әсіресе Temu, Pinduoduo және Taobao платформалары әлемдік нарықта үстемдікке ие бола отырып, жергілікті шағын және орта бизнеске қысымды күшейтті. Бұл маркетплейстер өздерінің төмен бағалары мен үнемі ұсынатын жеңілдіктері арқылы тұтынушылардың назарын жаулап алып, дәстүрлі сауда кәсіпкерлерін нарықтан ығыстыру үстінде. Қазіргі таңда бұл процесс толықтай жүзеге аспағанымен, ол кезең-кезеңімен орын алуы әбден мүмкін.

Қытайлық маркетплейстер қазіргі уақытта инновациялық сауда үлгілерін ұсынуда. Бұл өз кезегінде әлемдік нарыққа тез енуіне мүмкіндік беріп отыр. Мысалы, Pinduoduo платформасы тұтынушылар өз керегін сатып ала отырып қосымша жеңілдіктер ұсынып, ынталандырады. Temu платформасы арзан бағамен тауар ұсынып, жеткізу қызметін тегін көрсетумен нарықты баурайды. Бұл



тәсілдер платформалардың қолданушылар санын арттыруда үлкен рөл атқарып отыр. Осы арқылы қытайлық сауда сайттары әлемдік нарықта кеңінен танылып үлгерді.

АҚШ, Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия, тіпті Қазақстан сияқты дамушы елдерде де үлкен сұранысқа ие.

Аталған платформалардың үлкен нарық-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Инжу ҚАНАТ,
Қытаймен сауда жасайтын жеке кәсіпкер:

Бұл сайттардың кемшіліктерінен гөрі артықшылықтары әлдеқайда көп. Себебі, осы платформалар Қазақстанға келгеннен бері көптеген адамдар үшін жаңа табыс көздері ашылды. Жеке кәсіппен айналысқысы келгендер осы сайттарды пайдалану арқылы, өздерінің тасымалдаушы карголарын ұйымдастырып, өздерінің бизнестерін бастап кетті. Мен бұл саланы алғаш рет YouTube арқылы үйреніп, ақша таба бастадым. Шағын қалада тұрып та, үйде отырып бастаған шағын бизнесім қазір жақсы дамып келеді. Және де жоғары нәтижелер көрсеткішінің арқасында орталықтан жеке қоймамды аштым. Бастапқыда тауарды күту мерзімі бір-екі айға дейін созылатын, ал қазір екі апта ішінде адамдар өз тапсырыстарын қолдарына алады. Болашақта дәстүрлі саудадан гөрі онлайн сауданың үлесі айтарлықтай артып, осы бағытта жұмыс істейтіндердің саны одан әрі көбейетініне сенімдімін.

Хабди Аружан Мұратбекқызы:
JANA post компаниясы маркетинг бөлімінің CMM маманы:

JANA Post Қытай Халық Республикасының кез келген нүктесінен сәлемдемелерді делдалсыз, жылдам әрі арзан түрде жеткізіп келеді. Қазақстандықтарға осындай қызмет көрсетіп келе жатқанына бір жылға жуық уақыт өтті. JANA Post арқылы Қытай сайттарынан тауар сатып алған әрбір адамға тиімді ұсыныстар мен жеңілдіктер қолжетімді. Мұнда клиенттер бонустар, премиум тауарларды арзан бағада алу сияқты көптеген мүмкіндіктерге ие бола алады. Қазір отандық компаниямыз Орталық Азия мен әлемнің өзге елдері мен аймақтарын байланыстырып, тауарлардың жылдам әрі сенімді жеткізілуін қамтамасыз етуге тырысуда.

Біздің негізгі мақсатымыз – Қазақстан логистикасын цифрландыру. Бұл сала біздің нарықта пайда болған кезден бастап қарқынды түрде заңдастырылып жатқанын атап өткім келеді. Бұған дейін қазақстандықтар тауарларды заңсыз тасымалдаушылар арқылы шағын пакеттермен алып келсе, қазіргі таңда осы нишаны толығымен заңды түрде JANA Post компаниясы алып отыр. Бұл біздің мемлекетіміздің әл-ауқаты мен гүлденуі үшін өте маңызды.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Қоғамда көптен бері оң шешімін таппай келе жатқан бір түйткіл бар. Ол – автомобиль нарығындағы отандық өнімнің әлеуеті. Егер бұл мәселе шешілсе, көпшілікке тиімді болар еді.

ТЕМІР ТҰЛПАР ТІЗГІНДЕУ

әрбір талпынған жанға бұйырсын!

Олжас

ЖОЛДЫБАЙ

Әр адам өз өмірінде жақсы тұрмысты қалайды. Сол үшін барынша нәтижелі жұмыс істеуге талпынады. Кейінгі жылдары халық өз жағдайын түзеуге тырысып бағуда. Басқаны айтпағанда, тәуір көлік міну – әрбір жанның арманына айналғалы қашан?! Өйткені, темір тұлпар тізгіндеуге әркімнің тұрмыстық жағдайы жете бермейді. Әр адам жаңа көлік мініп, машинасынан май ақпай, диттеген жеріне жетіп, көңілі жай болса, одан артық бақыт жоқ. Ел арасында «Ескіні алсаң – есің кетеді» деген



(Сурет: ашық дереккөзден алынды).

қанатты сөз де бар. Расында да, солай. Әйтсе де, арман шіркін пенде баласын тыныш қойсын ба?! Көптеген жандар «әуелі ескі көлік алайын, содан кейін тәуірін мінермін» деп күн кешуде. Алайда, ескі көлік алып, әбден әбігерге түседі. Бұл проблема қаншама рет айтылды, жазылды, бірақ нәтиже жоқ

Отандық көлік нарығын қолдайық

Ел аумағында 1991 жылдан кейін Өскемен, Қостанай сияқты бірқатар қалаларда жеңіл автокөлік, ауыр техника жасалып келеді. Алайда, бұл саладағы отандық өнім әлемдік бәсекеге шыдас бермесі анық. Сондықтан елде шет ел көліктері қаптап жүр.

Дүние жүзінде XIX ғасырдан бастап қозғалтқышы бар көліктер шыға бастады. Бұрын адамзат мыңдаған жылдар бойы атарба, құймемен қатынас жасаған-тұғын. Дами келе еуропалықтар XX ғасырда көлік өндірісін мықтап қолға алды. Мәселен, Германия Mercedes, BMW, көліктерін шығара бастады. Бұл өнімдер брендке айналып, әлі күнге дейін нарықтан түскен жоқ. Ал әлем бойынша көлік құрастырудан Жапонияның «Тойота» маркасына жететіні болмай тұр. Әрине, Америка Құрама Штаттарында әйгілі миллиардер Илон Маск құрастырған Tesla баршаның назарын өзіне аударып жатыр. Бұл аталған қарыштап дамыған державалар өздерінің экономикасына қыруар пайда келтіріп отыр. Соның нәтижесінде өздерінің ішкі нарығын түгел жаңа көлікпен қамтыған. Негізі зауыттан шығарылған автокөліктің жүру мерзімі 5–7 жылды құрайды екен. Мерзімі жеткен көлік қоршаған ортаға зиян болып саналады. Сондықтан қайта өңдеуге жіберілетін көрінеді.

Қазақстанда көлік өндірісін жасап шығаруға шикізат толық бар. Егер мамандарды сыртта оқытып, үйретіп, өзіміз сапалы отандық көлік шығарсак, нұр үстіне нұр болар еді. Іргедегі Қытайда темір тапшы, соған қарамастан әлем нарығына көліктерін көбірек шығарып, сатып жатыр. Ал бізде қымбат маркалы көлікті ала алмағандар амалсыз бір рет мінсе де, арзан көлікті алуға мәжбүр. Десек те, қазақ елінде жаңа көлік құрастырып, шет елге сатуға мүмкіндік мол. Ол үшін қолда бар қазба байлықтарымызды отандық өндірісте пайдалануға жол ашқан жөн.

Түйін: Ақын Сабыр Адай «Әр қазақ – менің жалғызым» деп рухты ой айтыпты. Шындығында, өз елімізде тұрып, өз жерімізде жүріп ойлаған игі істеріміз жүзеге аса берсін. Темір тұлпар тізгіндеу әрбір талпынған жанға бұйырсын!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Аңсар ТАЛАПТАН,
қала тұрғыны:

Жаңа автокөлік алсам...

Менің бір арманым бар, ол – жаңа көлік алу. Аламыз деп армандаймыз-ау, тек автосалоннан жаңасын алуға шама жоқ. Ол үшін кемінде 10–13 миллион теңге қажет. Ал сапасы нашар, арзанына ұрынғым келмейді.

Жуықта шет елден машина әкелушілерге хабарластым. Мақсатым – кроссовер сатып алу. Оңтүстік Кореядан Қазақстанға әкелу үшін 6-7 миллион теңге төлеу қажет. Сондай-ақ, оны 25–40 күн күтуім керек сияқты. Ең қызығы, әлгі көлікті рәсімдеу бір азап көрінеді. Утильалым мен алғашқы жарна көліктің құнына тең. Сонда автосалоннан алғанмен бірдей болып тұр. Тәмсілдеп айтқанда, «бәзбаяғы баяғы, Байқожаның таяғының» кері келіп тұр ғой. Отбасыммен ақылдаса келе қаржы жинап, сапалы, тәуір көлікті сатып алуды құп көреміз. Оған қашан жетеміз, кім білсін?!

Ақылбек ЖОЛАМАНОВ,
дилер:

Алым-салық азайса екен

Автомобиль нарығында жүргенімізге 5-6 жыл болды. Басында Корей еліне жұмыс жасауға барған едік. Кейінгі кездері сауда-саттыққа көштік. Басты мүдде – өз жағдайымызды жақсарту. Ол жағын жасырмаймыз. Бізге 50–60 жастағы кісілер хабарласады. Ойлары – тәуір көлік міну. Ал біздер болсақ жүрілгеніне 5–10 жыл көлеміндегі көліктерді ұсынамыз. Керек десеніз, Дубайға да көліктер жіберудеміз. Алайда, жалпы дамыған елдерде біздегідей тым көп салықтық төлемдер жоқтың қасы. Жақында іргедегі Қырғызстан өздерінің көлік нарығында кедергілерді азайтты. Енді қырғыз ағайындар жаңа, техникалық сапасы жақсы көлікті көбірек тізгіндейді. Негізі, технократияға ұмтылған дамушы елдер қажеттілікті өздері өндіреді. Сонымен қатар, сыртқа экспорттайды. Жалпы үйренетін тәжірибе көп-ақ.

Береке ЕЛЕМЕС,
психолог:

Адам қандай қиындықты да еңсереді

Адам – өзінің жүрегінің тыныш болғанын қалайды. Жақсы, ауқатты тұруды аңсайды. Материалдық хәм рухани тәуелді болғысы келмейді. Қазір қоғамды кредит пен ипотека қысып барады. Әр жанұя өздерінің тұрмыс қажетін өтеу үшін көлік тұтынғысы келеді. Бірақ оған екінің бірінң қолы жетпейді. 2-3 жерде жұмыс істеп, отбасын бағып, ақшаға тәуелсіз болуды көздейді. Десе де, қу тіршілік ондайға ыңғай бере бермейді. Дағдарысқа тап болғандар өмірін, денсаулығын сақтай алмайды. Бүгінгі капиталистік қоғам ешкімді аяп тұрған жоқ. Біреу сауда жасап пайда тапқысы келсе, екінші тарап тәуір дүние алуды көксейді.

Адам қандай қиыншылық болсын еңсереді. Ең бастысы, ақылмен ойланып, жүректі тыныштандырып, сабырлы болып, өз күшіңізге сай әрекет етіңіз. Сонда бәрі оңалады.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталды

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 10 айға – 6134 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 10 айға – 13 156,20 теңге (қала), 8034 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 10 айға – 3934 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ

ЖАҢА ӨМІРГЕ ЖОЛДАМА

Жазасын өтеп жатқан жасөспірімдер слесарь мамандығын оқып, куәлік алды

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесінің аумағында №2 кәсіптік-техникалық мектебі жұмыс істейді. Бұл білім ошағында сотты болып, жазасын өтеп жатқан жасөспірімдер кәсіптік білім алады.



Нұржамал
ӘЛПІ



Иә, қазіргі күні бас бостандығынан айырылған жастар осы мектеп ғимаратында «Электр-дәнекерлеуші», «Металл бойынша токарь», «Механикалық жинау жұмыстарының слесары» топтарында оқып жүр.

№2 кәсіптік-техникалық мектебі былтырдан бері Алматы жолаушылар көлігі және технологиялар колледжінің құрамына кірді. №11 мекемесінде жазасын өтеп жатқан жасөспірімдер жоғарыда аталған топтарда жарты жыл, әр аптаның алты күнінде оқиды. Бір күндік сабақтарының уақыты үш сағат. Өндірістік практика кәсіптік-техникалық мектептің цехтарында өтеді. Тәжірибе жинау уақыты аяқталып, емтихандарын тапсырғаннан кейін сотталған балаларға мемлекеттік үлгіде мамандығы бойынша оқуды аяқтағаны туралы куәлік беріледі.

Мамандық иеленген жасөспірімдердің қуанышына ортақтасуға келген Алматы жолаушылар көлігі және технологиялар колледжінің директоры С.Сүлейменовтің айтуынша, күз айынан бастап жазасын өтеуші жасөспірімдерге стипендия тағайындалады. Демек, олар колледж студенттері сияқты тең білім алып, оқыған мамандықтары бойынша болашақта диплом иеленеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

А.СҮЛЕЙМЕНОВ, №11 мекеме бастығы, әділет подполковнигі: БАРЛЫҚ ИГІЛІКТІ ИГЕРУГЕ ҚҰҚЫЛЫ

Баршамызға белгілі, биыл – жұмысшы мамандықтары жылы. Біздің тузеу мекемесінде тәрбиеленіп жатқан жасөспірімдер бас бостандығынан айырылғанымен, білім алу мүмкіндігінен айырылған жоқ, олар да барлық игілікті игеруге құқылы. Бүгін біз «Механикалық-құрастыру жұмыстарының слесарі» бойынша білім алған жеті жазасын өтеуші жасөспірімге сертификат табыстадық. Әдетте сотты болған адамның бостандыққа шыққанда қоғамға кірігіп кетуі қиындау соғуы мүмкін. Ал бізден оқыған жастар осы кәсіптік білімімен, куәлігімен ертең бостандыққа шыққанда жұмысқа орналаса алатынына сенемін.

ЕМХАНА

«АШЫҚ ЕСІК» КҮНІ

патологиясы бар балаларға кәсіби көмек берілді

№11 қалалық емханада «Ашық есік» күні ұйымдастырылып, онда әртүрлі патологиямен есепте тұрған балалар білікті консультациялық-диагностикалық көмек алды.

С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің мамандары қатысқан іс-шарада 68 қабылдау өткізіліп, әр балаға жеке-жеке көңіл бөлінді. Білікті дәрігерлер қатарында балалар пульмонологтары, реабилитолог, эндокринолог, гастроэнтеролог, гематолог, кардиолог, жұқпалы аурулар бойынша мамандар, сондай-ақ, аллерголог, невропатолог, педиатр және балалар хирургтары болды. Әрбір кішкентай пациент қажетті диагностика мен одан әрі емдеу немесе аурудың алдын алу бойынша кеңестер алды.

Көптеген ата-ана үшін бұл іс-шара жетекші мамандардан өздерін мазалап жүрген сауалдарға кәсіби жауаптар және кәсіби кеңестер алуға мүмкіндік болды. Сонымен қатар, ата-аналарға аурудың алдын алу және балалардың денсаулығын жақсарту бойынша пайдалы кеңестер берілді. Ал бұл өз кезегінде созылмалы аурулардың өршуін азайту және олардың асқынуының алдын алуда маңызды қадам екені сөзсіз. №11 қалалық емхана ұжымы барлық алматылыққа сапалы медициналық қызметтің қолжетімді болуы үшін осындай іс-шараларды жүйелі түрде жалғастыруды көздеп отыр.

Нұр ЖАМАЛ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2024 жылдың қызметінің қорытындысы

2024 жылы Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті 50 аудиторлық тексеру жүргізіп, жалпы сомасы 213 993,4 млн. теңгеге бұзушылықтарды анықтады. Оның ішінде 4634,5 млн. теңгесі қаржылық бұзушылықтарды, ал 209 358,8 млн. теңгесі – рәсімдік сипаттағы бұзушылықтарды, оның ішінде 14 440,0 млн. теңгесі мемлекеттік сатып алу саласындағы бұзушылықтарды құрады. Қабылданған шаралар нәтижесінде 3958,4 млн. теңге қалпына келтіріліп, бюджетке қайтарылды.

Құқық қорғау органдарына 16 419,9 млн. теңге сомасына бұзушылықтар бойынша материалдар жіберілді. Тексеру нәтижелері бойынша жалпы сомасы 13,2 млн. теңгеге 80 әкімшілік іс қозғалды, олар бюджет кірісіне толығымен өндірілді.

Мемлекеттік сатып алуға жүргізілген камералдық бақылау 2779 488,2 млн. теңге сомасына бұзушылықтарды анықтады, оларды жою туралы 5178 хабарлама жіберілді.

Бюджеттік атқару саласындағы заңнаманы сақтамау бюджетті әзірлеу мен орындаудың, сондай-ақ бюджет қаражатын тиімді пайдаланудың бұзылуына әкелді. Департамент мекеме басшылары мен квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бюджет қаражатын пайдалануда ашықтықты, тиімділікті және жауапкершілікті арттыру бойынша ұсынымдар жолдалды.

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Заң кеңесі» жобасы аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде тегін қызмет көрсететін орталық пен **8 777 890 89 00 «жедел желі»** жұмысы іске қосылды. Орталықтың мекенжайы: Алматы қ., Нүсіпбеков к-сі 32, 1-қабат, 106-кеңсе.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЭЖБЖМ оқытушылық-профессорлық құрамы ардагер ұстазымыз, экономика ғылымдарының докторы, профессор

Сұлтан Нысанбайұлы НЫСАНБАЕВТЫҢ

өмірден озуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Еліміздің дамуына мыңдаған білікті маман, зерттеуші ғалымдар дайындаған ұлағатты ұстаз, мықты ғалым еді, иманы саламат болсын.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 028 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Айнабай МӘДИ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік баслым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



www.youtube.com/channel/UCXzM2xrJCHx6Br1ggA

СПАРТАКИАДА



Қалалық 28-спартакиаданың жабылту салтанаты Энергетика және электронды технологиялар колледжінің спорттық кешенінде өтті.

9 қаңтар күні басталған Алматы қаласы мемлекеттік колледждерінің оқытушылары мен қызметкерлері арасында өткен қалалық 28-спартакиада өз мәресіне жетті. Жарысқа 19 колледждің командалары қатысып, 7 түрлі спорт түрінен сайысқа түскен болатын. Атап айтқанда, баскетбол, шахмат (шашки), тоғызқұмалақ, үстел теннисі, волейбол, футбол және ұлттық ойындар (асық ату, дартс, бұқа тартыс, арқан тартыс).



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

БІЛІКТІЛЕР БӘСЕКЕСІ

Білім басқармасына қарасты Қалалық денешынықтыру және оқу-тәжірибелік орталығының спорт әдіскері Нұрғали Орынғалиевтің айтуынша, спартакиада ұлттық спорт түрлерін танымал ету, салауатты өмір салтын насихаттау, Алматы қаласы колледждері оқытушыларының арасында достық қарым-қатынасты нығайту мақсатында ұйымдастырылды.

– Спартакиада жоғары деңгейде өтті, өте тартысты жарыс болды. Өзін жақсы көрсете білген ұжымдар жеңіске жетті. Енді республикалық дәрежеде колледж студенттері арасында жарыс өткізуді жоспарлап отыр. Ал осы қалалық спартакиадада үздік болған адамдар іріктеліп, республикалық жарысқа жіберіледі. Жалпы, бұл спорттық іс-шараларымыз колледж мұғалімдері мен қызметкерлеріне ұнады деп ойлаймыз. Олар осындай іс-шаралардан сергіп, жігер-күш алады. Колледж студенттері үшін де ұстаздарының осындай жарыстарда жеңіске жетуі серпін береді, – деді Нұрғали Орынғалиев.



Спартакиада нәтижесі бойынша жалпыкомандалық бірінші орынға Алматы энергетика және электронды технологиялар колледжі ие болды. Екінші сатыдан Алматы көлік және коммуникациялар колледжі көрінді. Жалпыкомандалық үшінші орын Алматы политехникалық колледжіне бұйырса, Алматы мемлекеттік сервис және технология колледжі 4-орынға жайғасты.

– Бұл жарыс жыл сайын негізінен ерлер арасында өтетін. Бірақ биыл спартакиадаға қыздар да қосылды. Жалпы, ер жігіттер 5 спорт түрінен, қыздар 3 спорт түрінен бақ сынады.

Сондай-ақ, ұлттық спорт түрлеріне ерекше көңіл бөлінді. Барлығы 7 спорт түрінің төртеуінен Алматы энергетика және электронды технологиялар колледжі жеңіске жетіп, осылайша жалпыкомандалық бірінші орынға ие болды, – деді Алматы энергетика және электронды технологиялар колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Асхат Жанбосынов.



ШАХМАТ

ЖАС ЧЕМПИОНДАР АНЫҚТАЛДЫ

Алматыда 6 жастан 18 жасқа дейінгі жеті жас санатындағы юниорлар арасында шахматтан Қазақстан чемпионаты өз мәресіне жетті.



(Сурет: ҚР Шахмат федерациясынан).

Юниорлар арасындағы Қазақстан чемпионаты классикалық, рапид және блиц шахмат бойынша өтті. Ел біріншілігіне Қазақстанның 17 өңірі мен 3 қаласынан келген 950 шахматшы қатысты. Жалпыкомандалық есепте Астана қаласы алда

болды. Елордада келген жас шахматшылар 17 алтын алған. Оның ішінде классикада – 6, рапидте – 5 және блицте – 6. Жалпы алтын алғандар қатарында Алматы, Алматы облысы, Ақтөбе облысы, Түркістан облысы, Павлодар облысынан келген балалар бар.

Ел біріншілігінде алматылық юниорлар да көзге түсіп, ерекше нәтижеге қол жеткізді. 6 жасқа дейінгі жас санатында бақ сынаған Макар Чернышов және 12 жасқа дейінгі жас санатында қатысқан Данис Қуандықұлы шахматтың 3 түрі бойынша алтын алып, «абсолютті чемпион» атанды. Алматылық шахматшылардан бөлек мұндай нәтижеге тек Алматы облысынан келген Жансая Шолпанбек пен Елназ Қалиахмет ие болды.

Айта кеткен жөн, классикалық шахматтан чемпион атанған балалар Грузияның Батуми қаласында өтетін әлем чемпионатына, сондай-ақ 8–12 жастағылар арасындағы және 14–18 жастағылар арасындағы әлем чемпионаттарында Қазақстан атынан өнер көрсетеді. Екінші орын алған шахматшылар Тайландта өтетін Азия чемпионатына қатысады. Ал жүлделі орындарға көрінген өзге юниорлар Оқушылар арасындағы әлем чемпионатына Батыс Азия чемпионатына (Western Asia Youth & Juniors Chess Championship 2025) және Оқушылар арасындағы Азия чемпионатына барады.

ДЖИУ-ДЖИТСУ



Алматыда өткен джиу-джитсудан Қазақстан Республикасының чемпионаты өз мәресіне жетті.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА ЖОЛДАМА

Алматыдағы Балуан-Шолақ спорт сарайында Қазақстанның кіл мықтылары жиналған джиу-джитсудан Қазақстан Республикасының чемпионаты өз мәресіне жетті. Қазақстанның 20 өңірінен 1600-ден астам спортшы қатысқан жарыста Алматының №4 мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі атынан 45 балуан қатысып, 4 алтын, 10 күміс және 6 қола медаль иеленді. Жарыс жеңімпаздары алдағы әлем чемпионаты мен Бахрейнде өтетін жасөспірімдер Азия ойындарына жолдама алады.

ҚР Джиу-джитсу федерациясының президенті Руслан Идрисовтың айтуынша,

бүгінгі таңда елімізде шамамен 10 мыңға жуық балалар мен жасөспірімдер джиу-джитсумен айналысады, оның 3 мыңы Алматыда жаттығады.

– Бүгінгі күні джиу-джитсудан Қазақстан құрамасы Азия құрлығында көш бастап тұр және әлем бойынша үздіктердің қатарында. Бұл көрсеткіштер джиу-джитсудың жас ұрпақтың өмірінің маңызды бөлігіне айналып келе жатқанын, балалар мен жастарды спортқа, тәртіпке және дені сау өмір салтына тартатынын көрсетеді, – деді ол.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.

(Сурет: Алматы спорт басқармасынан).